



ҚАЗАҚ


УНИВЕРСИТЕТІ

№ 05 (1320) 27-мамыр, 2003 жыл



Газет 1948
жылдың 20
сәуірінен шыға
бастады

Қозы мен Баян күні



Құттықтау хат

Құрметті жастар!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің және өзімнің атымнан Студенттер сарайына жиналған барша қауымды махаббат мерекесімен құттықтаймын.

Көктемнің шуақты күндерінде өткізілгелі отырған жауқазын жастарымыздың бұл мерекесі – жас ұрпақтың ұлттық рух, адал махаббат, асқақ адамгершілік тұрғысындағы тәрбиесіне өзіндік үлес қосары анық.

Баян сұлу күні ұлтымыздың рухына, салтына сай келетін ұлағатты мерекеге айналғанына көміл сенемін.

Қозы көрпеш – Баян сұлу, Қыз Жібек пен Төлеген секілді мәңгі көнермейтін махаббат дастандары пәк сезімді ардақтай білетін ғашық жүректерді адалдықтың ақ бесігінде тербете берсін дегім келеді.

Сіздерді осынау ағаштар мерекесімен шын жүректен құттықтап, баршаңызға бақыт, мәлдір сезім тілеймін.

Ізгі тілекпен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Ш.К.Беркімбаева



Бас редактор бағаны

Сиқырлы әлем

Эмоция жоқ жерде өмір тоқтайды, ақырғы аялдамасына келеді. Ақындық қуат та осыған тәуелді екені ақиқат. Кәрі құлақтардан естуімше, жыр алыбы Жамбыл атамыз егде тартқан, тоқсаннан асқан шағында дүйім жұрттың көзінше «Әкем жоқ!» деп жылаған екен. Бұған не дерсіз?! Қарияның осы әрекетін ешқандай тіл түсіндіре алмас, оны тек түсіне білу керек. Иә, бұл жыласта өмір сүруге деген махаббаттың әдемі көрінісі жатқан жоқ па?! Әйтеуір жарасымды еркелік бар.

Кейіннен қазақтың сол қарашалы кавказ ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» жырының 750 жылдығына барғаны белгілі. Сонда ақын жүрек грузиннің 18 жасар қызына ғашық болады. Сезімнің сергелдеңі ме, жоқ әлде шексіздігі ме? Болмаса, көңілді билеген ғажайып күдіреттің дүмпуі ме? Баймеймін.

Несін айтасыз, біздің бөріміз махаббат деген феодалдың құлымыз. Әсіресе, оның қызығы мен шыжығы итжығыс түсіп жататын студенттік жылдардағы мысалдары ғажап-ақ. Қос жүрекке ғашықтық сезім оянады. Гүл ұстаудың мәдениетін үйренесіз. Түн болса тоқсан тоғай аралар өзге әлемнің құшағына енесіз. Бейне бір бойынды тулатқан сезім тым өріден басталғандай, оның тарихы жазу мен сөйлеуден бұрын пайда болғандай күй кештіреді. Жұмбақ әлем. Ол әлі де тіршілік атаулыға құпия...

Бекжан ӘШІРБАЕВ

Махаббат – мәңгі ертегі...



Фараби мен Гүлмира

Иә, қазіргі кезде көптеген жоғарғы оқу орындарындағы студенттер мен мектеп оқушылары ақпанның 14-де «Әулие Валентина ғашықтар күнін» дүрліктіріп өткізуді өзіндік дәстүрге айналдырған. Алайда біз бұл айтулы мерекенің аты да, заты басқа мазмұнға ие екендігін бесенеден жақсы білеміз. Бірақ... Ал қазақтың махаббат күні қай күн?..

бастама жасаған аталмыш байқауды ұйымдастырудағы басты мақсат – қасиетті қара шаңырағымызда мемлекеттік тілді өркендетуге күш салу, тілдің беделін арттыру, қыз-жігіттерімізді тарихты ұмытпауға, салт-дәстүрге бейім болуға, ата жолын қазіргі уақытпен ұштастыруға баулу. Бұл жолы байқау жылдағы дәстүрлі бағдарлама бойынша емес, қазақтың ұлттық ақсүйек ойынын ойнаумен, ауыл жігіттері мен бойжеткендерінің ойынға араласуымен басталды. Сахнаның безендірілуі де бұрынғыдан өзгеше. Әсемдіктің символы байқалып тұрды. Ақ қайындар арасынан сыңғырлап күлген арулардың өзезді үні, қызылға боялған қос жүрек, бәрі-бәрі өзіндік үйлесімімен көздің жауын алып, барша көрермендердің жүрегіне жылылық ұялатты. Әр факультеттің жанкүйерлері Қозы мен Баяндарын қолдауға ағыл-тегіл келді. Байқаудың ашылуында Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Н.М.Омашев мырза сахна төріне шығып, сол мезетте Білім және ғылым министрі Шәмша Беркімбаеваның арнайы жолдаған құттықтау хатын оқыды. Сайыс «Ғашықтық сезімді білдіру», «Көңілімде сан сұрақ», «Өнерпаз болсаң арқалан» деген сияқты үш бөлім бойынша өткізілді. Жалпы қорытынды бойынша бас жүлдені философия және саясаттану факультетінің жарасымды жұптары Байшығашова Гүлмира мен

Бекмамбетов Фараби олжалады. Бірінші орын филология факультетінің сайыскерлері Садырова Анар мен Көздібаев Тұрарбекке бұйырды. Ал екінші орынды химия факультетінен Мәделова Нұргүл, Күмекбаев Дарын, үшінші орынды шығыстану факультетінен келген Оспан Назым мен Хавий Дінмұхамед, заң факультетінің студенттері Сабаншы Жадыра мен Әли Еркін және механика-математика факультетінің студенттері Бүркітова Арайлым мен Жетпісов Рүстем еншіледі. Сондай-

ақ, жаңалықтар жаршысы журналистика факультетінен келген сұлу жұп Сәрсенов Жігер мен Айтқазықызы Меруерт және биология факультеті атынан қатысқан Арыстанова Гүлжихан мен Ұлан Таңманбет секілді жалынды сайыскерлер де көрермендер ілтипатына бөленді.

Жастықтың әр күні өмірге деген махаббатқа, күштарлыққа толы десек, қиу аңсаған жас жүректің бір бүршігінің қауыз жаруына осы күн өзіндік үлесін тигізеді деуге толық негіз бар. Бүгінгі жастар шынайы махаббаттың мезгілінде, дүние дүр көтеріп, ескі жаңарып, жана жасарып жатқан уақытта адал сезімге құрылған мерекені үлкен әсермен атап өтті.

...Ендеше, сіздің де сезіміңіз ішіңізде өлмесін.

Ы.ЕГЕМБЕРДИЕВ



БҮГІНГІ

САНА:

Ректорская стипендия:
1:0 в пользу студентов



2-стр.

ТІЛ МЕН
ТӘРБИЕ -
ҰЛТТЫҢ ЕКІНШІ
АТАУЫ



3-бет

СПЕШИТЕ
ДЕЛАТЬ
ДОБРО!



4-стр.

Эстетік



7-бет



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

2003 жылғы сәуірдің 22 күні өткен Ғылыми Кеңестің кезекті мәжілісінде география факультетінің деканы Қ.М. Баймырзаевтың факультеттің жұмысы жөніндегі есебі тыңдалып, қосымша баяндама ретінде комиссия төрағасы Н.М. Мұхитдинов хабарламалар жасады. Сонымен қатар дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі А.И. Арещенко кафедра жұмысы жөнінде есеп берсе, оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі проректор Ж.Д. Дәдебаев университеттегі магистранттарды дайындау жағдайлары мен міндеттері жөнінде баяндама жасады. Сондай-ақ, жетекші проректорлардың факультеттердегі және университеттің құрылымдық бөлімшелеріндегі өзгерістер жөнінде ақпары тыңдалды.

Ғылыми Кеңесте талқыланған түрлі мәселелерге келер болсақ, оқу-әдістемелік бөлімнің бастығы А.Қ. Қоқанбаев үздік белгідегі диплом алудан үміткер студенттердің Қазақстан тарихы пәнінен мемлекеттік емтиханды қайта тапсыруына рұқсат беру жөнінде, жалпы және этникалық педагогика кафедрасының ізденушісі Р.С. Қасымова және кафедраның меңгерушісі З.А. Исаявның диссертациялық зерттеуінің тақырыбын бекіту жөнінде, сонымен қатар бас ғалым хатшы Л.В. Екшембеєваның біліктілікке байланысты мәселелері күн тәртібіне өзек болды.

Осылайша кезекті мәжіліс отырысында бірқатар мәселелер талқыланып, шешімін тапты.

РЕКТОРАТ

Сәуір айының 8 жұлдызында өткен Ректорат мәжілісінде проректор Ж.Д. Дәдебаев 2003 жаңа оқу жылына студенттерді қабылдауға дайындық жөнінде хабарлама жасады. Сондай-ақ, университеттің жұмыспен қамтамасыз ету бөлімінің бастығы О.И. Пономаренконың бакалаврлар мен магистранттарды бөлуге дайындық жөнінде және оқытудың техникалық құрамдары және қазіргі заманғы оқыту технологиялары бөлімінің бастығы Ә.Ә. Молдабековтің мырза Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.12.2001 жылғы N1747 "18.04. 2000 жылғы N596 ҚР Үкіметі Қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізулері туралы" Қаулыларының орындалу барысы жөніндегі хабарламалары тыңдалды.

Встречи с ректором

Ректорская стипендия: 1:0 в пользу студентов



Несмотря на традиционность подобных мероприятий, в очередной раз убеждаешься, что встречи ректоров со своими студентами все же необходимы. И в этом есть обоюдный интерес встречающихся сторон. Хотя бы в том, чтобы глубже и лучше узнать жизнь университета, тех, кто дает и кто получает знания, чтобы вместе, от ректора до студента, решать, как развиваться университету дальше. "Ведь "КазНУ", - считает ректор Кожамкулов, - это не абстрактное понятие. Каждый из 15 тысяч студентов - составная часть университета".

Ректор представил студентам проректоров, деканов и руководителей подразделений - всех, кто непосредственно связан с решением студенческих проблем. При этом он особо обратил внимание студентов на то, что в трудовой биографии каждого из них КазНУ - главная точка отсчета. Студенты могли не на словах убедиться, что, поступив в университет, каждый может добиться высоких научных достижений и званий, не покидая стен родной альма-матер. Для этого в первую очередь необходимо трудиться на совесть. Вот об этом и хотел поговорить со своими студентами ректор.

Он призвал студентов максимально использовать предоставленный им шанс для

получения хорошего образования и уже сейчас аккумулировать знания, приобретаемые в университете. Не стоит бездарно тратить драгоценное время, надо интеллектуально обогащаться и духовно развиваться, чтобы стать высокопрофессиональным специалистом. И стороны администрации. К слову сказать, лучшие спикеры на республиканских и городских дебатах - наши студенты.

Вообще, ректор продемонстрировал студентам свою принципиальную позицию в решении их проблем - всегда "да" конкретным и деловым предложениям.

Почти двухчасовое обсуждение с обменом мнениями со студентами, прошедшее в атмосфере доброжелательности и взаимопонимания, получило лирическое завершение. Лауреат государственной премии "Дарын", декан факультета журналистики Бауржан Жакып посвятил родному университету - кузнице профессиональных кадров, свое стихотворение "Үста шал" ("Кузнец").

Приятным сюрпризом для студентов стали бардовские песни в исполнении Анатолия Ивановича Купчишина - проректора по науке. Автор почти 2000 песен убедил студентов в главном: если есть стремление и желание, то можно быть успешным во всем - и в профессии, и в творчестве. Исполнение одной из песен, наверное, знакомой со студенческих лет, поддержал и сам ректор. Чуткая студенческая аудитория сразу уловила лирическую интонацию ректора и просила его спеть что-нибудь самому, но просьба была дипломатично отклонена... до следующей встречи.

Очень активно выступали члены дебатного клуба и получили поддержку своей деятельности со

руководство готово приложить все усилия, чтобы помочь в этом студентам.

Именно такие встречи дают возможность узнать, чем живут студенты, какими проблемами. Вопросы студенты задавали обо всем: о сессии, о легкой практике, о военной кафедре, об открытии центра молодежного духовного развития, о критериях и перспективах элитных вузов в стране и многом-многом другом, насущном и актуальном для студенчества.

Очень активно выступали члены дебатного клуба и получили поддержку своей деятельности со

Очень активно выступали члены дебатного клуба и получили поддержку своей деятельности со

Очень активно выступали члены дебатного клуба и получили поддержку своей деятельности со

Очень активно выступали члены дебатного клуба и получили поддержку своей деятельности со

Майра САГЫМБАЕВА

Тұсаукесер

ҚЫТАЙ ТІЛІ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Сәуір айының 23 жұлдызында ҚазҰУ-дың жанындағы Қытай тілдері орталығының тұсаукесер рәсімі болып өтті.



Онда ҚазҰУ мен ҚХР-ның Ланчжоу университетінің іскерлік байланысының нәтижесі хақында сөз болды. Мәртебелі жиынды ҚазҰУ-дың ректоры Т.Ә. Кожамқұлов мырза ашты. Содан кейін ҚХР-ның Қазақстандағы өкілетті елшісі Яо Пэй Шэн мырза сөз алды. Сондай-ақ, Ланчжоу университетінің проректоры профессор Ян Шу мінберге шығып, университеті туралы жан-жақты әңгімеледі. Жиынға бұдан да басқа елшілікте түрлі салалық қызметте жүрген мамандар мен «Синьхуа», «Женьминь-Жибао» ақпарат агенттіктерінің тілшілері, ал Қазақстан атынан Жоғары оқу орындары арасындағы ассоциацияның президенті Р.А. Алманов, Бостандық ауданының әкімі Ж.Т. Сәкенов және ҚазҰУ-дың оқытушылары мен студенттері қатысты.

Нұрлан ЖҰМАХАН

Конференция

ТЕРРОРИЗМ - ТАЖАЛ

23 мамыр күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті, Еуропалық құжаттама орталығы және Қазақстан Республикасындағы ЕО-тың Өкілеттілік Комиссиясының ұйымдастыруымен «Еуропалық Одақ және Орталық Азия: халықаралық терроризммен күрес тәсілдері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияны Бірінші проректор З.А. Мансұров ашты.

Бұл конференцияның мақсаты - Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы халықаралық және аймақтық ынтымақтастықтың маңыздылығын, оның ішкі және сыртқы қауіпсіздік саласындағы тәжірибесін саралау болып табылады. Терроризмге қарсы күрес механизмі талқыланып, ғалымдар бұған қатысты өз ойларын ортаға салды. Конференция барысында төмендегі мәселелер бойынша кең көлемде талқылаулар мен пікір алмасулар өтті:

- Еуропалық Одақтың халықаралық терроризммен (саяси, құқықтық, экономикалық және т.б.) күресу бағыттары;
- Еуропалық Одақ тәжірибесі: «ЕО-тың үшінші тірегі»- құқық қорғау және ішкі істер саласындағы ЕО саясаты;
- Орталық Азия мен Еуропалық Одақтағы халықаралық терроризм және қауіпсіздік мәселесі;
- Халықаралық терроризммен күресудегі халықаралық ынтымақтастық;
- Халықаралық терроризмге қарсы күресудегі әскери-саяси аспектілер;
- Терроризм - аймақтық интеграцияға қауіп төндірәуші;

Конференция жұмысына ҚР-ның Сыртқы істер министрлігінің, Дипломатиялық корпусының, халықаралық ұйымдардың және қорлардың өкілдері, Қазақстандық зерттеушілер мен сарапшылар қатысты. Конференцияда 40-қа жуық баяндама тыңдалды. Осылайша Қазақ ұлттық университетінде Еуропа және Орта Азиядағы терроризмді алдын-алу және оған қарсы күрес тәжірибесі талқыланды.

Ысқақ ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ



Аптталық

Сәуірдің 14-18 күндері аралығында шығыстану факультетінде түрік тілі апталығы болып өтті. Шараға бас демалушы болған "Демірбанк" және оның төрағасы Ихсан Угур, Түркия Республикасы елшілігінің мәдениет жөніндегі кеңесшісі Кенан Орттагул мырзалар апталықтың өтуіне ерекше қызығушылық танытты.



Аптталыққа Қазақстандағы Түркия Республикасы елшілігінен, Түркия мәдениет және білім орталықтарынан қонақтар келіп, қазылық етті.

ТҮРІК ТІЛІ МЕРЕКЕСІ

Сондай-ақ, Абай атындағы Алматы университеті мен Абылай хан атындағы Қазақтың халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінен оқытушылар да қатысты. Сонымен қатар, мерекеге әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің және жоғарыда аты аталған жоғары оқу орындарының түрік тілін оқитын студенттері де атсалысып, сайысқа түсті.

Түріктану кафедрасы оқытушыларының ұйымдастыруымен өткен келелі іс-шараның мақсаты - жоғары оқу орындарымен білім саласында тығыз байланыс орнатып, жандандыру, сонымен қатар студенттердің түрік тіліне деген қызығушылығын арттыру. Апталықты университетіміздегі Бірінші проректордың орынбасары Мекебаев Талғат мырза құттықтау сөз сөйлеп ашса, факультет деканы Сыздықов Сатай мырза білім сайысына тусушілерге ақ жол тіледі.

Бес күнге созылған апталықтың бірінші күнінде студенттер түрік тілінде мәнерлеп өлең оқудан, екінші күні ән айтудан, үшінші күні аударма жасаудан, төртінші күні мақал-мәтел номинациясы бойынша сайысқа түссе, бесінші күні шығарма жазудан жарысқа түсті. Осы апталықта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттері алған білімдерінің сапалылығын танытты. Факультеттің 3 курс студенттері Сырғабәева Шолпан мен Исмаилова Әмина, 2 курс студенттері Омар Заңғар, халықаралық қатынастар факультетінің 4 курс студенттері Үсенова Манар мен Жәлелова Назгүлді мақтанышпен айтуымызға болады. Олар өздерінің терең білімдерін, сауаттылықтарын көрсете білді. Түрік ағайындарымыз студенттердің түрік тілін еркін меңгергендігін байқап, осындай біліммен сусындатқан ұстаздарға ризашылықтарын білдірді. Жеңімпаздар факультет дипломы және арнайы сыйлықтармен марапатталып, оларға үлкен түрікше сөздіктер, кинотеатр және концерт билеттері, CD, күйгаспалар, әр түрлі кітаптар тарту етілді.

Г. БЕГИМОВА,
түріктану кафедрасының оқытушысы

Мерейтой

Ұлағатты ұстаз - 80 жаста

24 мамыр күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде заң ғылымдарының докторы, профессор, "Құрмет" орденінің иегері, КСРО және Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу білімінің озаты В.А. Кимнің туғанына 80 жыл және еңбек жолына 60 жыл толуына арналған салтанатты жиналыс өткізілді. Бұл мерейтойды бірінші проректор З.М. Мансұров мырза ашты.

В.А.Ким Қазақстандық ірі ғалым-конституционалистердің, Қазақстанның конституциялық-құқықтық ғылыми мен жоғарғы мектебінің негізін қалаушылардың бірі болып табылады. Ол 1993 ж. және 1995 ж. Қазақстан Республикасының Конституцияларының жобаларын әзірлеген, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты репрессияны тергеу жөніндегі ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі комиссиясының мүшесі болған.

Жоғарғы Кеңестің Қазақстандағы 1920 - 1930 жылдардағы заң бұзушылықтарды анықтау комиссиясының төрағасының



орынбасары қызметін атқарған. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың саяси және конституциялық-құқықтық көзқарастарын талдауға арналған "Жасампаз жылдар" кітабының авторы. Бұл кітаптың тұсаукесері Астана қаласында және Америка Құрама Штаттарында өткізілген болатын.

В.А.Ким 100-ден астам ғылыми еңбектердің, оның ішінде 7 монографияның авторы, Олардың бірі - "Конституционный строй Республики Казахстан" кітабы ғылыми қауым мен шет елдік мемлекеттер тарапынан жоғары бағаланды.

Сонымен қатар заңгер ғалым "Тілдер туралы" Қазақстан Республикасы заңының әзірлеушісі болып табылады. Сондықтан да В.А.Кимнің құрметіне орай осы мерейтойда өзінің замандастары ақжарма тілектерін айтып, әндер шырқап жатты. Соны оқытушылардың әзірлеген концертіне ұласты.

Ы. ЕГЕМБЕРДИЕВ

Тәрбие деген жан-жақты жүргізілетін кешенді шаруа. Оның түрі көп. Кез-келген жас университет табалдырығын аттағандан бастап, оны бітіргенше қасиетті қара шаңырақтан тәрбиенің талай үлгісін алады.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев университет ұжымымен кездескенде: “Маман даярлап қана қоймай, заманға сай адам даярлауға көбірек көңіл бөліңіздер” деп қадап айтқан болатын. Біздің бүгінгі студент-жастарға беретін тәрбие жұмысының ерекше бағыттары осыдан туындайтыны өзінен-өзі түсінікті.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің “Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы кешенді тәрбие бағдарламасы”, “Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы” және т.б. бағдарламаларын негізге ала отырып, 2002 жылдың 12 желтоқсанында “Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тәрбие жұмысының ерекше бағыттары” ректорат мүшелерінің қызу

Біз газетіміздің өткен сандарында университет проректорлары Ж.Дәдебаев, С.Т. Шалғымбаев, А.И. Купчишин мырзалардың өз салаларына қатысты атқарылған жұмыстары жөніндегі есеп беру материалдарының көрнекті жерлерін берген болатынбыз. Кезекті санымызда университетіміздің бүгінгі, яғни 27 мамыр күнгі Ғылыми Кеңесінде Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Назарбаев Омаровтың есеп беретін баяндамасының негізгі тұстарын ұсынып отырмыз.

Оқу орнымызда соңғы кезеңдерде адам қалыптастыру мәселесіне баса көңіл бөлініп отырғандықтан, тіл, тәрбие саласында атқарылып жатқан іс-шаралар реті де көңіл толтырады. Мұндай бағыт жастарды адамгершілікке баулумен қатар олардың бойындағы қабілет-қасиеттерінің айқындалып, ұштала түсуіне мүмкіндік бермек.



Назармулы ОМАСЕВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры

көтерілген ғалымдарымыз бар. Олардың университетке сіңірген еңбектері ересен екені ескеріліп музейден өз орындарын тапты.

2002 жылы “Халықаралық музей күніне” орай музейдің жаңа дизайнмен жасалған 2-залы пайдалануға берілді. Салтанатты рәсімді ашу құрметіне университетіміздің ректоры Т.Ә. Қожамқұлов, академиктер З.Қабдолов, Я.Ә. Әубәкіров пен А.Т. Лукьяновтар ие болып, құрметті қонақтар кітабына өз қолтаңбаларын қалдырды.

Мұражайдың алғашқы қонақтарының бірі — Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед бастаған журналистика факультетінің 1982 жылғы түлектері болды.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де барлық бітірушілермен байланыс жасайтын, университеттің өмірімен таныс болуға, оның мақсаты мен міндеттеріне, игі істеріне атсалысам деген бітірушілермен араласып отыратын “Шамшырақ” түлектер қауымдастығы жұмыс істейді.

Қауымдастық интернетке кірді, өзінің жұмыс жоспары, негізгі ұстанған бағыты, анкеталық анықтамалығы бар. Енді университет бітірушілері өлемнің кез келген нүктесінен біздің қауымдастықпен хабарласа алады. Ә.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы жанынан ҚазҰУ түлектерінің саябағы ашылды.

ҚазҰУ түлектері университетке, өздері білім алған факультетке моральдық, материалдық қолдаулар көрсетуде. Мәселен, “Грата” фирмасының президенті заң факультетінің үздік студенттеріне арнайы шәкіртақылар тағайындады.

Университеттің көпшілік алдындағы жағымды кейпі мен имиджі БАҚ-тармен жұмыстың қаншалықты сауатты, журналистермен шығармашылық қарым-қатынастардың дұрыс жолға қойылғандығына байланысты. Екі жыл ішінде университетте 88 мерекелік шара өтіп, олар 410 рет бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

Университеттік “Қазақ университеті” газеті туралы ұзақ тоқталғым келмейді. Ай сайын шығатын газетіміз профессионалды, сапалық жағынан да жоғары деңгейде деп білеміз.

Бүгінгі күні БАҚ-тарда жарияланған мақалалар мен хабарларды сараптай отырып, университеттің бай тарихи дәстүрі мен университет басшылығының оқу орнының болашақтағы дамуына бағытталған белсенді іс-шараларына негізделген әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тұрақты да оң имиджінің қалыптасқандығы туралы айтуға болады.

Ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттау, жастарды шынайы сезімдерге тәрбиелеу мақсатында жастарды қызықтыратын шаралардың жаңа өдістерін таныбай ізестірдік. Басында шешуін таптырмайтын қиын мәселе болып көрінгенмен “Қалауын тапса қар жанар” демекші, студент жастармен қатар, өкімет тарапынан да үлкен қолдауға ие болған бірнешеуіне тоқталмақпыз:

1. Қазақстан Республикасының Төуелсіздік күніне орай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ә.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында 2002 жылдың 11-13 желтоқсаны аралығында мемлекеттік тіліміз бен ұлттық өнерімізді насихаттау мақсатында “Менің Қазақстаным!” II фестивалі өте жоғары деңгейде өтті.

2. Университет көлемінде өзге ұлт өкілдері арасында “Мемлекеттік тіл — менің тілім” атты студенттік ғылыми конференция болып өтті. Республика тарихында тұңғыш рет өткізіліп отырған бұл конференцияда университетте оқитын басқа ұлт өкілдері мен шетел студенттері қазақ тілін ғылым тілі ретінде де игергендіктерін көрсетумен қатар, баяндама тақырыбына орай қазақ халқының салт-дәстүрін, тарихын дәріптеді, сыртқы қарым-қатынасын көрсетті.

3. Салауатты өмір сүру салтына тәрбиелеуге байланысты “Қазақстан жастарының деңсаулығын сақтаудың өзекті проблемалары” атты студенттер конференциясы өтті. Онда 13 студент баяндама жасап, өздерін толғандырып жүрген ойларын ортаға салды. Оған арнайы мамандар шақырылып, қалалық, аудандық өкімшіліктерден жауапты адамдар қатысты. Дәстүрлі конференциялардан өзгешелігі — студенттер баяндамаларын осы тақырыпта өздері шығарған өлеңдері мен сахналық көріністермен толықтырды.

4. “Қозы мен Баян күнін” атап өту дәстүрге айналды. Студенттер ерекше дайындықпен қатысқан былғы “Қозы мен Баян күні” мерекесі қызығалықты өтті.

5. Сол сияқты былғы “Наурыз” мерекесінің мақтаншыпен айта жүрер деңгейде өткенін өздеріңіз жақсы білесіздер.

Өз ойымыз қорыта келе айтарым, еліміздің болашағының баянды болуын — өз бақыты санайтын білімді мамандар, ұлтжанды азаматтар дайындап, оларға рухани құндылықтарға бай тәрбие беруді басты парызымыз деп санаймыз. Ол үшін көп ізденіп, аянбай еңбек ету керек екендігін сезінеміз.

ТІЛ МЕН ТӘРБИЕ - ҰЛТТЫҢ ЕКІНШІ АТАУЫ

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білікті де білімді маман дайындаумен қатар, Отанын, елін, жерін, тілін қадірлейтін, рухани дүниесі бай, ұлттық құндылықтарды бойына молынан сіңірген ұрпақ тәрбиелеуге зор маңыз беріліп келеді. Өйткені әл-Фараби бабамыз: “Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы” деген.

қолдауына ие болып, тәрбие жұмысының бағдарламасы ретінде қабылданған.

“Зерде” ғылыми-көпшілік журналының 2002 жылғы қараша-желтоқсан айындағы санында студент жастарды тәрбиелеудің жаңа концепциясын қабылдау керектігі жөнінде проблемалық мақала жарық көріп, республика көлемінде қызу талқыға түсті. Іле шала Жоғарғы оқу орындары тәрбие жұмысы жөніндегі проректорларының Астана қаласында жиыны болып, осы мәселе талқыланды. Университетіміздің осындай аса мәнді мәселеге мұрындық болғаны оның шын мәнінде жоғары оқу орындарының флагманы екендігін дәлелдей түссе керек.

Тәрбие жұмысының теориялық, құқықтық-нормативтік бағыттарын қамтамасыз етуде университетіміздің оқытушы-профессорларының XXXIII ғылыми-әдістемелік конференциясында “Студенттерді тәрбиелеудің басым бағыттары” деген тақырыппен жұмыс жасаған 5 секцияның және 2002-2003 оқу жылында тіл және тәрбие саласындағы бөлімдердің ұйытқы болуымен өткізілген конференциялар тәрбие жұмысының ғылыми негізін жасауда өз нәтижесін берді. Өткен оқу жылында 3 конференция өткізілсе, биылғы оқу жылында 5 конференция өткізілді. Оның екеуі — студенттік конференциялар болды. Осы ұйымдастырылған конференцияларға тіл және тәрбие саласы қызметкерлерінің қатысуы белсенділігі былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 7 есеге өсті.

Бүгінгі күні қай салада болмасын, мемлекеттік тілді меңгерген мамандарға зәрулік байқалады. Аңдап қарасақ, мәселе қазақ тілінде құжат толтыруда ғана емес, ана тіліне жетік маман өз ұлтының құндылықтарын, асыл қасиеттерін бойына сіңіріп өседі. Олар қандай істерде болмасын қазақы қалып танытып, әр мәселеге адамгершілік тұрғысынан қарайды. Қазақ жастары өзге тілдерде шүлдирлесе, ешкім таңғалмайды. Ал өзге тілді жастардың қазақ тілін үйренуге, сол тілде сөйлеуге деген талпыныстары — жаңалық. Университетте мемлекеттік тілдің ролін күшейту, қазақ тілінің мәртебесін өсіру, қолданыс аясын кеңейту мақсатында көптеген жұмыстар атқарылып жатыр.

Қалалық өкімшілікте мемлекеттік тіл мәселесіне арналып өткен мәжілісте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде соңғы екі жылда жүргізілген іс-шараларға жоғары баға берілді.

Бүгінгі таңдағы мемлекеттік тіл мәселесі тек қазақ тілін оқыту деген сөз емес. Мемлекеттік тіл саясатын пәрменді жүргізу үшін мемлекеттік тілді насихаттау, мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу, мемлекеттік тілде маман даярлау, мемлекеттік тілде ғылыми жұмыстар жазу, мемлекеттік тілде мәдени-көпшілік, ресми іс-шаралар өткізу, т.б. мәселелер күн тәртібінен түспей, бір-бірімен ұштастырыла жүргізілуі тиіс. Бұл салада атқарылатын іс те, проблема да көп.

Студенттердің жан дүниесін байытып, өнерге деген құштарлықтарын арттырып, дарындарын шыңдайтын, өздерін өзгелерге танытуға мүмкіндік беретін эстетикалық тәрбиенің маңызы жоғары. Олар университет

қабырғасынан жоғарғы білімді азамат болып шығумен қатар, қасиетті өнермен сусындап, эстетикалық тәрбие алады. Ол бірнеше бағытта жұмыс істейді: халықтық, қазіргі заманғы өнер түрлері, түрлі деңгейдегі байқаулар, сайыстар, кештер, мемлекеттік деңгейдегі қайраткерлердің, шетел қонақтарының ҚазҰУ-ге сапарлары, т.б.

Мысалы, құрамында 11 көркемөнерпаздар үйірмесі бар студенттер клубы жұмыс істейді. Студенттердің сол үйірмелерге қатысуы жылдан-жылға артып келеді.

Осы оқу жылында Студенттер сарайында өткен 22 мәдени шараның 18-і клуб үйірмесіне қатысушы студенттердің күшімен өткізілді. Үйірмелерге қатысушылар саны 102-ден 270-ке жетіп отырған студенттер клубы жеке концерттер ұйымдастырумен қатар ресми, бейресми шараларда да өздерінің өнерлерін жарқырата көрсетті.

Университет студенттері өнерлі жастардың аудандық, қалалық, республикалық байқауларының белсенді қатысушылары болып табылады. Республикалық деңгейде өткізілген мәдени шараларға қатысуымыз 8-ден 15-ке, қалалық - 9-дан 12-ге жетсе,

Бүгінгі студент — ертеңгі білікті маман ғана емес, ел қамын ойлар азамат. Сондықтан да студент университет қабырғасында жүрген кезінде қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер, шығармашылық ұйымдар мектебінен өтіп, сенімді өмірлік бағдарлар, маманға қажетті - ұйымдастырушылық, өз бетімен жұмыстар жүргізу қасиеттерін бойына молынан сіңіреді.

университеттік шаралар 12-ден 24-ке жетіп отыр.

Соңғы уақытта аудандық, қалалық өкімшілік тарапынан студенттерді мәдени шараларға міндеттеп шақыру белең алып жүргендігі бәріңізге аян. Осы шараны ұйымдастыруда қиыншылықтардың да бар екенін жасырғымыз келмейді.

Тіл және тәрбие саласы бөлімдерінің ұйымдастыруымен өткізілген университеттік шараларға факультет студенттерінің қатысуы белсенділігі артып. Алдыңғы қатарда тұрған шығыстану, халықаралық қатынастар, журналистика, филология, заң, тарих факультеттерінің жетістіктерін айтуға болады.

Өкінішке орай, физика, механика-математика факультеттерінің белсенділігінің төмендігін айтуымыз керек.

Бүгінгі студент — ертеңгі білікті маман ғана емес, ел қамын ойлар азамат. Сондықтан да студент университет қабырғасында жүрген кезінде қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер, шығармашылық ұйымдар мектебінен өтіп, сенімді өмірлік бағдарлар, маманға қажетті - ұйымдастырушылық, өз бетімен жұмыстар жүргізу қасиеттерін бойына молынан сіңіреді.

Бүгінгі күні университетте студенттік өзін-өзі басқарудың 5 нақты нысаны (формасы) бар. Сенат — студенттердің өзін-өзі басқару органының ең жоғары сатысы болса, мәслихат -



факультетаралық орган болып табылады.

“Сұңқар” кәсіподағы студенттерді әлеуметтік жағынан қолдап, қол ұшын созып отырады.

Пікірсайыс клубы мүшелері “Азамат”, “Город будущего” республикалық және халықаралық деңгейдегі Ұлттық студенттік дебат турнирлерінің жеңімпаздары болып жүр.

Сонымен қатар факультеттерде студенттерді, олардың мүдделері, мүмкіншіліктері және бейімділіктеріне қарай біріктіретін (топтастыратын) “Жас кемел”, “Рух”, “Ұстаз”, “Инсайт”, “Тарлан”, “SIFE - ҚазҰУ”, “Шағын Фараби академиясы”, “Социолог”, “Ой-дода орталығы”, “Заң клиникасы” сияқты әр түрлі клубтар бар. Осындай қоғамдық ұйымдардың өз еріктерімен тәрбие жұмыстарына араласуы қуантарлық жағдай. Егер де осы қоғамдық ұйымдарды бірін-бірі қайталамайтындай етіп жүйелеп, үйлестіре білсек, біраз жетістіктерге жетуге болады деп ойлаймыз. Алдағы оқу жылы ашылығалы отырған “Жастардың рухани орталығы” осылардың басын біріктіруге маңызы зор болмақ.

Экстремистік ұйымдар тарататын теріс пиғылдарға, қазір дүние жүзін шарпып отырған ылаңкестілікке (терроризм әрекеттеріне), ислам дінін жамылып, жастарды жолдан тайдыратын кесепаттарға қарсы жұмыстар жүргізу міндетіміз. Оған дәлел — діни экстремизмнің алдын алуға байланысты іс-шаралар жасалуы керектігі жөнінде ректордың бұйрығын негізге алып, университет шараларының іс-жоспары жасалып, жұмыстар атқарылуда.

Былтырғы жылдан бері студенттер ҚазҰУ қалашығында тыныштық сақтап, бұзақылыққа жол бермеуді өз қолдарына алған. Университетімізде тыныштық пен тәртіпке жауапты тәртіп сақтау жасағы (ТСЖ) бар. Осыған дейін ер балалардан құрылған алты топтың қатарына жетінші болып қыздар жасағы да қосылды. Өз еріктерімен құрылған жігіттер мен қыздар тобы ҚазҰУ аймағында тәртіп бұзылмауын қадағалайды.

Соңғы екі жылда тәртіп сақшылары Бостандық ауданының ең үздік жасағы ретінде аталып, жасақ мүшелері — Н.Ораз, А.Мәшімбаева, Ж.Жақыповалар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Университетіміздегі әлеуметтік бөлім арқылы түбіркүлезбен ауыратын студенттерге жүйелі түрде материалдық көмек көрсетілуде. Сонымен қатар балаларға арнап “Жаңа жыл шыршасы”, “1-маусым — Халықаралық балаларды қорғау күні” аталып өтіледі. “9-мамыр — Жеңіс күніне” орай Ұлы отан соғысы, еңбек, Ауған соғысы, Чернобыль апатының ардагерлеріне материалдық көмек көрсетіліп, мерекелік шара ұйымдастырылды.

Осы орайда “Парасат” кәсіподақ ұйымының белсенді жұмысын атап өткен жөн. Бүкіл саналы ғұмырын дәл осы университетте студент болудан бастап, профессор, академик дәрежесіне дейін

Юбилей

В КазНУ им. аль-Фараби Е.М. Шайхутдинов работал в 1963-1978 гг., является одним из организаторов кафедры химии высокомолекулярных соединений, в 1971-1978 гг. заведовал кафедрой. С 1978 по 2000 г. — проректор и ректор КазНТУ им. К.И. Сатпаева. За плодотворную научную, педагогическую и организационную деятельность Е.М. Шайхутдинов награжден орденом «Күрмет», медалями «За доблестный труд»,

Видный ученый-химик, педагог, общественный деятель, заслуженный деятель науки Казахской ССР, академик НАН РК Е.М. Шайхутдинов всю свою жизнь посвящает служению науке, делу образования и воспитания научных и инженерных кадров.



СПЕШИТЕ ДЕЛАТЬ ДОБРО!

«Ветеран труда», «Астана», Почетными грамотами Президиума Верховного Совета Казахской ССР, нагрудным знаком Министерства высшего и среднего специального образования СССР «За отличные успехи в работе», медалью им. Ибрая Алтынсарина «За особые заслуги в области образования и педагогической науки Республики Казахстан» и др.

Под его руководством защищено 29 кандидатских и 7 докторских диссертаций. Результатом многолетней творческой деятельности ученого являются более 600 научных трудов, в том числе 8 монографий и 6 учебников, более 500 статей, 98 авторских свидетельств СССР, патенты и предпатенты РК.

Академик Е.М. Шайхутдинов является членом бюро отделения химико-технологических наук НАН РК, членом Республиканского научного совета по проблеме «Химии полимеров» НАН РК, членом секции химико-технологического отделения НАН РК по присуждению Государственных премий РК.

С нашим юбиларом Е.М. Шайхутдиновым меня связывают долгие годы совместной научной работы. У нас много общих учеников, среди них кандидаты и доктора наук, много научных публикаций, совместных проектов и программ и т.д. После перехода Еренгаипа Маликовича в Политехнический институт взаимодействие в сфере научных интересов не прекратилось, продолжается оно до сих пор. Безусловно, Е.М. Шайхутдинов очень профессионален как в науке, так и в вопросах образования. Он заслуженно является одним из основоположников полимерной химии в Казахстане. Это человек, у которого многому можно поучиться. На мой взгляд, самая сильная его черта — это демократизм. Он одинаково уважителен и внимателен к взрослому и молодому, к людям с высоким статусом и к тем, кто еще не достиг его, он терпим и снисходителен к чужим недостаткам. Еренгаип Маликович — прекрасный казахский интеллигент, который сформировался под влиянием замечательных учителей.

Накануне знаменательной даты я попросила юбиларя ответить на несколько вопросов.

У Вас за плечами огромный жизненный опыт, расскажите, пожалуйста, кратко об этом.

Мое детство прошло в суровых условиях военного и послевоенного времени, когда все люди великой страны преодолевали большие трудности и прошли через тяжелые испытания. И в таких условиях у любого человека закаляется характер, он становится более

самостоятельным и целеустремленным. Это помогло мне успешно, с медалью, окончить сельскую школу. Моими учителями были весьма подготовленные политические ссыльные и эвакуированные Педагоги с большой буквы.

После окончания школы, нисколько не сомневаясь в своих возможностях, я самостоятельно поехал в Москву для поступления в вуз. Выбор мой пал на Московский институт тонкой химической технологии имени М.В. Ломоносова, который относился (узнал позже) в то время к числу ведущих учебно-научных центров Советского Союза в области химии и химической технологии.

Успешно окончив институт, проработав на заводе химического профиля, где получил определенную рабочую закалку. Следует отметить, что я являюсь первым казахом-инженером на Карагандинском заводе синтетического каучука. Однако тяга к знаниям вернула меня в родной институт в аспирантуру, где я защитил кандидатскую диссертацию, после чего был приглашен на работу в КазГУ им. С.М. Кирова (ныне Казахский национальный университет им. аль-Фараби). В 1978 г. я был назначен проректором, а в 1992 г. ректором Казахского политехнического института им. В.И. Ленина (ныне Казахский национальный технический университет им. К.И. Сатпаева). В настоящее время являюсь профессором кафедры химической технологии переработки нефти, газа и полимеров КазНТУ им. К.И. Сатпаева и по совместительству профессором кафедры химической физики и химии высокомолекулярных соединений КазНУ им. аль-Фараби. Будучи депутатом Алматинского городского маслихата второго созыва и председателем Алматинского городского совета ветеранов активно участвую в общественно-политической жизни страны.

Что Вам помогло в жизни?
В разные годы моей жизни я испытывал удовлетворение и радость от общения прежде всего с родителями, родственниками и был воспитан в духе любви, уважения и трудолюбия.

Последующие годы связаны со школой и институтом. Этот период произвел на меня неизгладимое впечатление с точки зрения взаимоотношений представителей разных национальностей. Не останавливаясь подробно, лишь отмечу, что моими учителями в школе и институте были люди некоренной национальности. Поэтому наше поколение воспитано в духе интернационализма.

После окончания аспирантуры в Москве вся моя жизнь проходит в течение сорока лет в Алматы. Здесь я встретился и работаю с замечательными людьми разных поколений, систем образования, науки и других сфер. Многие получено от наставников и коллег двух национальных университетов: КазНУ им. аль-Фараби и КазНТУ им. К.И. Сатпаева, за что я им очень благодарен.

Вам многое в жизни удалось, Вы многого достигли, какой главный совет можно дать основным читателям нашей газеты — студентам?

Природа дает три бесценных дара: здоровье, время и способность трудиться. Все начинается в юности, поэтому очень важно уже в этом возрасте нацелить человека на главное. Тот, кто трудится над совершенствованием своей личности,

всегда может рассчитывать на достижение цели. Стоит начать с правильного распорядка дня, чтобы ни один час, ни одна минута не пролетела впустую. Простор для деятельности велик, но главное — никогда нельзя отвлекаться от стержня своей жизни — труда. Для студента — это учеба. Еще бы мне хотелось, чтобы все мы лучше понимали друг друга, были более внимательными и терпимыми друг к другу. Тогда будет больше радости и для каждого будет легче дорога к цели.

Кем быть? Какую дорогу выбрать? Хорошо, если эти вопросы вы решали уже с самых первых лет учебы, здраво оценивая свои способности, получая азы профессии. Наверное, любой человек на всю жизнь запоминает день, когда он впервые был полностью ответственным за свое дело. Такой день — шаг вперед, новая ступень,



1975 г. Защита докторской диссертации в КазГУ

первое самостоятельное преодоление важного рубежа. Опыт, уверенность, спокойствие — это все приходит после. Но как важно, приобретая их, не утратить свежесть и остроту восприятия своей ответственности, которая сопутствует нашим самостоятельным шагам, чтобы спокойствие не превращалось в успокоенность, а уверенность — в самоуверенность.

Я желаю Вам преизойти своих учителей — это закономерно. Ученик, превзойди учителя! В этом залог постоянного развития нашего общества, неизменного поступательного движения вперед.

Спасибо за беседу. Желаю Вам крепкого здоровья и больших творческих успехов!

З.С. НУРКЕЕВА,
зав. кафедрой химической физики и химии ВМС, доктор химических наук, профессор



Доцент Е.М. Шайхутдинов с дипломниками. 1970 г.

Поздравления

ПРИЗНАНИЕ И ПРИЗНАТЕЛЬНОСТЬ

З.А. МАНСУРОВ, первый проректор Казахского национального университета им. аль-Фараби, доктор химических наук, профессор:

Еренгаип Маликович Шайхутдинов является выдающимся ученым, внесшим большой вклад в развитие химии органического синтеза и химии высокомолекулярных соединений, обогатившим казахстанскую химическую науку трудами первостепенного значения. Занимаясь сложными проблемами радикальной полимеризации, он разработал эффективные методы управления реакцией и синтезировал принципиально новые полимеры, обладающие ценными свойствами.

Трудно представить химический факультет Казахского национального университета им. аль-Фараби без уважаемого Еренгаипа Маликовича Шайхутдинова. Долгие годы работы в университете он был и заведующим кафедрой химии ВМС, и секретарем партбюро, которое тогда играло большую роль в жизни факультета. Несколько поколений студентов знают его всегда собранным, подтянутым, но самое главное — чувствуют его доброжелательное отношение к ним и получают помощь в решении сложных, но важных для студентов и сотрудников вопросов.

Мы, его коллеги, знаем Еренгаипа Маликовича Шайхутдинова и с другой стороны — как Человека с большой буквы, отличного товарища и верного друга. В 1995 году я вместе с ним был в составе делегации Казахстана в Узбекистане, в 1999 году — в Санкт-Петербурге на XVI Менделеевском съезде по химии, где помимо официальных мероприятий (научные выставки, семинары) была активная культурная программа, и Еренгаип Маликович показал себя не только чутким собеседником, но и отличным танцором, поразив всех своей энергией и задором.

Высокая научная и педагогическая квалификация, широчайшая эрудиция, необыкновенное трудолюбие и упорство, интеллигентность, большая человеческая доброта Еренгаипа Маликовича Шайхутдинова снискали глубочайшее уважение в научном мире.

Его большая любовь с Тamarой Шамбилевной, верным другом, заботливой матерью и любящей супругой, стала образцом счастливой семейной жизни для детей и внуков.

Я от всей души поздравляю крупного ученого, талантливого педагога и наставника со славным 70-летним юбилеем! И искренне желаю крепкого здоровья, великих свершений, неиссякаемой энергии и дальнейших творческих успехов на благо науки и Родины!

А. БИЖАНОВ, заместитель акима г. Алматы, доктор политических наук:

«Хороший человек тот, который живет преимущественно своими мыслями и чужими чувствами». Именно это высказывание великого писателя Л.Н. Толстого определяет жизненную позицию академика НАН РК, председателя городского совета ветеранов войны и пенсионеров, человека интересной судьбы Еренгаипа Маликовича Шайхутдинова. Он относится к той категории граждан, которые своим кропотливым трудом создают прочный фундамент для становления и укрепления независимости собственной страны. Яркий, увлекательный весь жизненный и трудовой путь этого человека, одного из видных представителей национальной интеллигенции, гражданина-патриота.

За его плечами — почетные звания, авторство сотен статей и многих книг, подготовка более четырех десятков кандидатов и докторов наук. Государство высоко оценило заслуги ученого, присвоив ему звание «Заслуженный деятель науки и техники Республики Казахстан», наградив его орденом «Күрмет» и многими медалями. Алматинцы гордятся своим соотечественником, получившим признание международного сообщества. Имя нашего славного юбиларя за большие заслуги и серьезный вклад в науку, а также решение актуальных проблем в мировом образовательном пространстве занесено в книгу Международного библиографического центра в Кембридже «Человек успеха за 1997 год». Е.М. Шайхутдинов удостоился также высокой чести быть внесенным в Библиографическое многоименное издание «Кто есть кто в современном мире». Его имя в числе двухсот выдающихся деятелей современности. Еренгаип Маликович и сегодня сохраняет активную жизненную позицию, умело возглавляя многотысячную армию ветеранов войны и пенсионеров города Алматы.

Юбилар — скромный неустанный труженик, обладающий высокими личностными качествами. Человек, который собственным жизненным примером воспитывает людей. В истории

сохранилось интересное суждение известнейшего ученого аль-Фараби о том, что «жители многоликих городов (многонациональное сообщество), усья друг у друга, перенимая друг у друга все лучшее, достигают высокой нравственности и доброты». Эти строки с полным правом можно отнести к нашему славному юбилару.

Накануне знаменательной даты хотелось бы пожелать Еренгаипу Маликовичу крепкого здоровья, долгих лет жизни, дальнейших успехов в его научной и общественной деятельности, благополучия во всем!

Б.А. ЖУБАНОВ, академик НАН РК:

В конце пятидесятых годов в нашей стране появилась острая необходимость развития исследований в области химии высокомолекулярных соединений для нужд народного хозяйства. В 1963 году по инициативе выдающегося ученого, организатора химического образования и науки в республике, доктора химических наук, профессора, члена-корреспондента НАН РК Б.А. Беремжанова было принято решение об организации кафедры химии высокомолекулярных соединений на химическом факультете КазГУ, куда я был назначен заведующим кафедрой. В свою очередь, я пригласил на должность старшего преподавателя Еренгаипа Маликовича Шайхутдинова — выпускника МИТХТ, кандидата химических наук с 1962 г. С этого времени наше совместное научное сотрудничество никогда не прерывалось. Нами были проведены фундаментальные исследования процессов образования высокомолекулярных соединений, причем произошло естественное «разделение» труда. Если я больше внимания уделял поликонденсационным процессам, то он сосредоточился на реакциях полимеризации. Еренгаип Маликович, помимо научных исследований, активно занимался совершенствованием учебного процесса. Не надо забывать, что в те годы это было совершенно новое направление.

В заключение хочу пожелать моему соратнику и другу Еренгаипу Маликовичу Шайхутдинову крепкого здоровья и долгих лет творческой жизни.

М.Е. ЕРМАГАНБЕТОВ, заведующий кафедрой химической технологии переработки нефти, газа и полимеров КазНТУ им. К.И. Сатпаева, доктор химических наук, профессор:

Я благодарен судьбе, что мне посчастливилось работать с Еренгаипом Маликовичем Шайхутдиновым. В 1976 году после окончания кафедры органической химии КазГУ я был направлен на кафедру химии высокомолекулярных соединений в качестве стажера-исследователя и по сей день работаю под его руководством.

В плеаде замечательных казахстанских ученых-химиков, чьими трудами гордится Казахстан, одно из самых ярких мест принадлежит нашему Учителю. Еренгаип Маликович Шайхутдинов уделяет исключительное внимание подготовке молодых научных кадров. К своим ученикам он относится очень трепетно, ежедневно уделяя каждому из них внимание и проявляя обо всех заботу. Мы обращаемся к нему не только по вопросам науки, но и за житейскими советами. К каждому раз он, основательно выслушав нас, оказывает нам поддержку. Академик Еренгаип Маликович Шайхутдинов создал научную школу в области органического синтеза и полимерной химии, где успешно трудятся известные химики, специалисты горного дела и металлургии.

Высокая эрудиция, принципиальность, порядочность удачно сочетаются у нашего Учителя с большой человечностью, мудростью и организаторским талантом. Он является одним из организаторов кафедры химии высокомолекулярных соединений КазНУ им. аль-Фараби, а также непосредственно принимал участие в открытии ряда кафедр химико-технологического и экологического профиля.

Многого было сделано Еренгаипом Маликовичем Шайхутдиновым для расширения международного сотрудничества и входа КазНТУ им. К.И. Сатпаева в мировое образовательное пространство. При его непосредственном участии были установлены взаимовыгодные связи со многими учебными заведениями Англии, Италии, Канады, Финляндии, Японии, Германии и Америки. А также Национальный технический университет стал базовым вузом для крупнейших зарубежных фирм, работающих в Казахстане: Сименс, Шлюмбергер, Шеврон, Сандвик-Тамрок и др.

В день славного юбилея от всего сердца хотелось бы пожелать любимому Учителю человеческого счастья, удачи, долголетия и творческих успехов в его многогранной деятельности.

С внуком Рамазаном



Тура билік тұғыры

Жалпы ғылымы жоқ ел тұл, ғылымы дамымаған елдің болашағы күмәнді, қазір қарап отырсақ, жер жаһандағы ізгі жетістіктердің барлығы дерлік ғылымның адамзатқа тартқан сыйы, тартуы іспеттес. Тәуелсіздік туын желбіреткен он жылдан астам уақыттан бері Қазақстан ғылымы да дамып, әлемге әйгілі бола бастады, кез-келген ғылым саласында ілгері дамушылық көрінісі айқын.

Қазақстан Республикасы

ЗАҢ ҒЫЛЫМЫН ДАМУ –
ӨМІР ҚАЖЕТТІЛІГІ

Конституциясына сәйкес біздің мемлекетіміз демократиялық, құқықтық, әлеуметтік, зайырлы мемлекет болып табылады. Еліміздің өркендеуіне, мемлекетіміздің нығаюына құқықтық нормаларын, құқық саласы ғылымын жетілдірудің маңызы ерекше. Құқық нормалары барлық қоғамдық қатынастар жалпыға бірдей, әділ заң нормалар арқылы жүзеге асырылуы қажет.

Заң талаптарын, құқық нормаларын құрметтеу және оны бұлжытпай жүзеге асыру әрбір азаматтың қасиетті борышы.

Құқықтық мемлекеттілікті орнатуда, оның тетіктерін одан әрі жетілдіруде құқық ғылымы салаларының атқаратын міндеті зор болып отыр. Сондай ауқымды міндет заң ғылымының бірі – қылмыстық құқық ғылымына да жүктеліп отыр.

Қылмыстық құқық ғылымында алда кешенді ғылыми проблемаларды жүзеге асыру, оның ішінде қылмыстық жазаны тағайындау, бас бостандығынан айырмайтын жазаларды белгілеудің ғылыми негіздері, өлім жазасын қолдануды жою, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын орындаудың құқықтық-теориялық қырларын жетілдіру сияқты іргелі

зерттеулерді жүзеге асыру міндеттері тұр.

Қылмыстылықпен күрес, қылмыскердің тұлғасын ғылыми негізде зерттеу, орын алған қылмысты құбылыстардың себептері мен оған мүмкіндік жасайтын мән жайларын анықтау, осындай қоғамға қауіпті құбылыстардан сақтандыру шараларын ғылыми тұрғыда анықтау – бүгінгі күні заң ғылымдарының келелі

Қылмыстық құқық ғылымында... өлім жазасын қолдануды жою, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын орындаудың құқықтық-теориялық қырларын жетілдіру сияқты іргелі зерттеулерді жүзеге асыру міндеттері тұр.

міндеттерінің қатарынан саналады.

Сотталғандардың құқықтық жағдайы, жаза өтеу мекемелерінің атқаратын қызметі, жазаны өтейтіндердің құқықтары, мемлекеттік түзеу мекемелерінің қызметін одан әрі өркендету жолмен жетілдіру мәселелеріне байланысты іргелі ғылыми зерттеулер жүргізуде кезек күттірмейтін іске айналды.

Қылмыстылықпен пәрменді ғылыми негізде тиімді күрес жүргізу осы саладағы қызмет істейтін мамандардың кәсіби

даярлығы деңгейінің сапасына тікелей байланысты. Осыған орай университеттің заң факультетінде қылмыстық-құқықты және кримнологиялық пәндерді тереңдетіп оқыту, осы пәндер бойынша арнаулы курстар, практикалық сабақтар өткізу, сағат кестесін көбейту, болашақ заңгерлерге тәжірибелі мамандармен жиі кездесу ұйымдастырып, олардың кәсіптік шеберлігін болашақ мамандарға ерте бастан үйрету де кезек күттірмейтін міндет.

Қылмыстылықпен қарсы пәрменді күресті жүргізу үшін Республикада қылмыстылықтан сақтандыру шаралары туралы арнаулы заңның қабылданғаны дұрыс болар еді. Мұндай заң жеке тұлғалардың, қоғамдық, мемлекеттік органдардың осы құбылыстың алдын-алу шараларын жүзеге асыру функцияларын белгілеумен бірге, олардың қылмыстылықтың жолын кесу ісіндегі қызметтерін жандандырар еді.

Қорыта айтқанда, ең қымбат қазына адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының нақты қорғалуы, демократиялық негізде одан әрі дамуы құқық ғылымдарының зерделі зерттелу объектісі болуға тиіс.



А.Н. АҒЫБАЕВ,
заң ғылымдарының докторы,
ҚазҰУ-дың қылмыстық құқық және кримнология кафедрасының менгерушісі

Көзқарас

“Исламда экстремизм жоқ”, – дейді президент Н.Ә.Назарбаев “Сындарлы он жыл” кітабында. Дүние жүзі бойынша миллиардтан астам адам мұсылман, ал біздің елде он миллионға жақын мұсылмандар бар екен. Дін ешқашан, ешқандай заманда жаулап алушылықпен айналысқан жоқ.

Дүниенің әр нәсілдегі, тілдегі халықтары қиыншылық кешкен кезде мұсылман діні бірлікке, ынтымаққа, ізгілікке шақырып отырды.



Өтеген КҮМІСБАЕВ,
шығыстану факультетінің
ирантану кафедрасының
менгерушісі, профессор

Дін де
идеологиялық
құрал

Исламның кейбір постулаттарын өздерінің саяси позицияларына орайластырып өзгертуге тырысқандар әр уақытта болып келді. Осы орайда президент жазған “Сындарлы он жыл” кітабының екінші бөлімі “Дини экстремизм жоқ” деп аталады. Осы тарауда исламда экстремизм бар ма деген мәселелерге нақтылы терең талданған жауап беріледі. Ислам діні қол жеткізген моральдық құндылықтарға кеңінен тоқталып, исламның күрделі жүйесі бар әлемдегі діндердің бірегейі. Н.Ә.Назарбаев әрбір дінге төн фундаментализм жайында жіті назар бөліп, оның әрбір қоғамда тудыратын қауіп, қатерлерінен сақ болуға шақырады. Тұтас адамзатқа қауіп төндірген “крест жорығы” немесе “жіһад” жайын еске түсіріп өтеді. Мұншалықты агрессивті жорықтардың гуманизм мен халықтар игілігіне қарсы екенін президент айрықша ақцент беріп айтады.

Кітаптың республикадағы діни ахуалға арналған беттері оқушыны елеңдетпей қоймайды. Әлемнің біраз жерінде, Еуразияның азиялық бөлігінде діни экстремизмнің етек ала бастағанын, бұл құбылысқа сақ қарау керек екендігін Президент бізге ерте бастан орынды ескертеді.

Президент Қазақстанда діни экстремизм жоқ болғанымен түптің түбінде төбе көрсетуі мүмкін екенін айтады, жағдайдың алдын алу керек дейді. Көп ұлтты, конфессиясы көп қоғамда бұл мәселеге үстірт, атүсті қарауға болмайтындығын еске салып өтеді. Орталық Азия аймағында, Орта Азия мен Қазақстанда бұрынғы дінге қарсы жүргізілген саясаттың кері әсерлеріне тоқталады.

Тағы да Президент сөзіне жүгінсек: “... Ислам бүгінгі таңда дін ретінде жаңғыру жағдайын бастан кешіп, тек аға ұрпақтың көз алдында ғана өз дәстүрін қалпына келтіре алып отырған жоқ, сонымен бірге жеткіншек ұрпақтың да зердесіне орныға түсуде”, – деп көрсетеді (89 б.)

Мәдени қайта өрлеу жылдарында рухани мұраларымыз келіп жатыр. Әрине, бұл жақсы көрініс. Осы уақытқа дейін жас мемлекетімізде бір мың бес жүздей мешіт жаңғырып немесе қайтадан салынған. Әлбетте мешіттердің көптігі қазаққа көптік етпейді, солардың сапалы жұмыстары көңілден шығып жатса, нұр үстіне нұр. Соңғы статистика бойынша Қазақстан территориясында екі жүзге жуық өзге дін бірлестіктері бар деседі. Сондықтан да Қазақстандағы исламды одан әрі өркендету үшін қыруар шаруалар атқарылуы тиіс. Мешіттерде, діни оқу орындарында, гимназияларда мұсылман дінінің қайраткерлері көрнекті жұмыстармен көзге түсулері қажет.

Президент қандай түрде болмасын діни экстремизмге қазақ халқының жол бермейтіндігін, ислам қағидаларын, оқуын, гуманистік принциптерін ұлттық ата дәстүрмен қалыптастырып келе жатқандығын баса көрсетеді. Сол үшін де діни ағарту істерін іскерлікпен алға апара беруіміз керек. Өкімет пен дінге сенуші мұсылмандар арасындағы байланыс өріс алып, дәстүрлі даму жолына түсіп келеді.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғаннан кейін конфессияларға байланысты дін жайында нақты мемлекеттік ұстаным боп, саяси әдептілік сақталуы тиіс, – дейді Елбасы. Іргелі зерттеу әрі үн қосуға шақыратын кітап көп оқырманын ойларға жетелейді. Кітапта толғақты ой, толымды тұжырым бар. Президент дінді саясаттандырудың қоғам үшін зиянды екенін айқындап береді. Нұрсұлтан Әбішұлының жаңа кітабы – мемлекеттік, халықтық сарабал ойдың жетістігі, Қазақстан ойын халықаралық деңгейге көтеріп тұрған құнды кітап екені хақ.

Көкейтесті

САЛАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР – АУҚЫМДЫ МӘСЕЛЕ



Ербол ӘБДІРӘСЛОВ,
филология ғылымдарының
кандидаты, қазақ филологиясы
кафедрасының аға оқытушысы

Мамыр айының 5-6 күндері Астана қаласында Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Тілдерді дамыту департаментінің ұйымдастыруымен “Салалық терминология: бүгін мен болашағы” атты ғылыми-практикалық семинар болып өтті.

қауымы жауап беруге мәжбүр болып келген еді. Ал шын мәнінде салалық терминдердің барлығына тілшілер қауымы жауап бере алмайтындығына бүгінгі таңда көз жеткізіп отырмыз. Сонымен бірге термин жасау ісінде тілшілердің өз өкілеттіктерін біршама дұрыс орындағандығына да көз жеткізуге болады. Айталық, антонимнің қарсы мағыналы сөздер екендігін, полисемияның көпмағыналы сөздер екендігін, фонетиканың дыбыс заңдарын зерттейтін сала екендігін және т.б. осы сияқты көптеген терминдер арқылы тіл білімінде әрі кірме термин, әрі олардың ұлт тіліндегі нұсқалары қалыптасып, дублет терминдер қолданыс тауып келгендігін, мұндай қолданыс тіл ғылымындағы жүйесіздікті тудырмағандығын байқауға болады.

Семинар барысында сондай-ақ, сөздік жасау ісін реттеудің, әсіресе, терминологиялық сөздіктер жасау ісінде үлкен жауапкершілік керек екендігін айтып өттік. Әйтпесе, қазіргі таңда жасалып, баспа бетін жарық көріп жатқан терминологиялық сөздіктер тек ғалымдардың ғылыми еңбектерінің қатарын толықтырып, есеп беру нысанына айналуға. Практикалық тұрғыда мүлдем қолданыс таппай жатқан жағы тағы бар. Оның үстіне, терминография ғылымының талаптары тұрғысынан қазіргі терминологиялық сөздіктердің көпшілігі өздеріне берілген “сөздік” атауына толық сәйкес келмей, өзіндік мақсаттары мен міндеттеріне жауап бере алмай жатады. Сөздік “сөздік” болып жарыққа шыққаннан кейін міндетті түрде негізге алынуы керек емес пе? Ал олардың қазіргі кездегі қолданыс жайы көпшілігімізге мәлім. Демек, сөздік жасау жеңіл-желпі, біріміздегі материалды екіншіміз қайталай беретін, жуырда ғана шыққан сөздікті басқа автордың атынан қайта басып шығара салумен жүзеге асатын оңай іс болмауы, әрі жүз ойланып, мың толғанып

жасалатын, сұрыпталып, қалыптасқан терминдерді ғана қамтитын, содан соң ғана баспа бетін көретін еңбек болуы тиісті.

Семинарда сондай-ақ, әр терминология саласына қатысты терминдердің жайы сол сала мамандарының тарапынан сөз болды. Жекелеген терминдерге қатысты орынды ұсыныстар айтылып, кейбір терминдер қызу айтыс түрінде талданды. Байқағанымыз – терминдерді қалыптастырып, талқылау ісіне салалық мамандар көп жағдайда этимологиялық тұрғыдан қарайды екен. Кез-келген терминді логикалық тілдік қисынға салып қалыптастыру мүмкін бола бермейтіндігін, терминдердің табиғатына шарттылық сияқты белгілер төн екендігін де негізге алу керек.

Әйтсе де, қазақ терминологиясында біршама ілгерілеулер мен жетістіктердің бар екендігін жоққа шығара алмаймыз. Бірқатар терминдердің қазіргі таңда қалыптасып үлгергендігі де қазақ тілінің термин жасап, қалыптастыра алудағы мүмкіндігін көрсетеді.

Филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің студенттеріне қазақ терминологиясы мен терминографиясынан арнаулы курс өту барысында да ұлттық терминдер мәселесіне бей-жай қарай алмайтын жастарымыздың бар екендігіне де көзіміз жетті. Айталық, осы бөлімнің 2 курс студенті, ұлттық пікір сайыс орталығының мүшесі Басқынбаева Назым “Хабар” агенттігінің “Азамат” бағдарламасында “Ұлттық терминдерді аудару-аударма мәселесін” талдаған хабарда, осы курстың студенті Кеңес Мәдина “Аты-жөнімізді қазақ тілінде бірізге келтіру мәселесін” көтерген бағдарламаның кезекті санында талқылауға қатысып, көкейлеріндегі ұтымды ойларымен тілдік мәселелердің қоғамдық деңгейде талқылануына атсалысты. Университет студенттерінің бұл белсенділіктері қуанарлық жай.

Жинақтай айтсақ, тіл табиғатына негізделетіндіктен терминдер немесе тілдегі өр түрлі мәселелер бір күнде қалыптасып, жүйеге түсе салатын дүние емес екендігін де ескеруіміз керек шығар.



Студенческая практика

Наскальные изображения в ущелье Тамгалы делались на протяжении многих веков. Встречаются рисунки, исполненные поверх более ранних изображений. Древнейшие из них восходят к началу I тысячелетия до н.э. Часто встречаются изображения дикой лошади, верблюда, козы, кобылы с жеребенком, архара. Среди рисунков имеются охотничьи сцены - группы охотников загоняют диких коз, ланей и т.д. Изображение дикой лошади (кулана) на плоскости одной из скал передано очень рельефно. Особенно хорошо читаются грива, спина, голова и ноги кулана. К подобному типу изображений относится также фигура стельной коровы, внутри которой помещен силуэт маленького теленка. Этот рисунок - уникальное в своем роде творение древнего художника и не имеет

Студенты отделения археологии и этнологии исторического факультета КазНУ им. аль-Фараби совершили ознакомительную археологическую практику в ущелье Тамгалы. Своеобразная галерея древних наскальных рисунков была открыта в 1957 году. Тысячи различного рода рисунков располагаются на сланцевых выходах по сторонам главного ущелья и на отдельных камнях, разбросанных в прилегающих к нему долинах; многие изображения покрыты трещинами. Техника исполнения большинства рисунков силуэтно-контурная.



Святылище Тамгалы-тас

аналогий среди других наскальных изображений. В урочище Тамгалы встречаются изображения охотников, преследующих зверей. Изображение трех человек, одетых в шкуры животных и танцующих под звуки бубнов, передает, по-видимому, культовую обрядовую сцену. Особый интерес представляют изображения явно мифологического содержания: "солнцеликие" люди, зооантропоморфные

фигуры, ритуальные пляски и т.п. Петроглифы Тамгалы с мифологическим содержанием относятся к эпохе бронзы - в этом можно не сомневаться. В частности, ряд сюжетных параллелей обнаруживается в древнейших мифологических текстах (Ригведа, Авеста и др.).

Святылище Тамгалы является памятником археологии и искусства мирового значения.

А.А. НУРЖАНОВ, Г.К. ОМАРОВ,
ст. преподаватели кафедры археологии и этнологии



Мейрамгүл БҰЛАҚБАЕВА,
жалпы және этникалық педагогика кафедрасының оқытушысы

Бағдар

Қазақстан Республикасының алдында тұрған әлеуметтік - экономикалық міндеттерінің аса күрделілігіне қарамастан, оның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуының сипаты, халықтың рухани, адамгершілік көзқарасы жастар арасындағы тәрбиеге байланысты. Бұл - Қазақстандағы реформалау мен прогрестің негізгі шарттарының бірі.

құқығы бар", - деп өз пікірін білдірді.

Ал дінтану бөлімінің студенті Назарбеков Қайсар бұл мәселеге қатысты ақылды Исламнан іздеу керектігін айта келіп: "Ислам әйелді - ана, ұрпақты жалғастырушы деп сыйлауды талап етеді. Пайғамбарымыз (салла Аллаху алейхи уә сәлам) айтады.

Сендердің жақсыларың отбасына жақсы болғандарың!

Пәктік адал мінезділігін сақтаған адам қашанда ел арасында абыройлы болып, жаратушысының разылығына қол жеткізген. Керісінше, ар-намыстан жұрдай болып, мінез-құлығын көрсек-қызар, зинакорлықпен қараланған пенде айыпталғанға лайық болып, төңірі үшін ең жек көрінішті жанға айналған.

"Үш адам бар. Қиямет күні, Аллах Тағала олармен сөйлеспейді. Оларды есіне алмайды, тіпті назарын да салмайды. Олар үшін қатты азап бар. Біріншісі - зинақар, көрсекқызар қарт, екіншісі - халқына жалған сөйлейтін патша, үшіншісі - төкаппар кедей" (Әбу хурайрадан (Ради Аллаху алаһу) Муслим). Сондықтан Пайғамбарымыз Мухаммед /с.ғ.с./ Хадисінде: "Қатын 5 уақыт намаз оқыса, рамазан оразасын ұстаса, абыройын қорғаса, еріне бағынса, сонда оған: "Қаласаң қай есіктен жөннөткі кір" делінеді" деген. Әйел діншіл, иманшыл болса, үйге береке кіреді" - деп, өз ойын айтып өтті.

Сондай-ақ, пікірталас кезінде Үскембаев Саят, Ешигенов Қуат, Джангазиев Руслан сияқты студент жастар да өрелі ойларын ортаға салып, барлығы да жезөкшелікке әсер етіп отырған себептерді ашып көрсетуге ұмтылды.

Қорытындылай келе айтарымыз, дүниеге тіршілік әкелуші әйелдің махаббатын, ұнату, сүю сезімдерін, мінезінің, жан-дүниесінің иірімдерін шебер өрнектеген, адамгершілігі, зеректілігі, парасаттылығы, нәзіктігі мен ұлылығын жырлауды өзінің шығармашылық мұратына айналдырған жазушы Ғабит Мүсірепов қазақ әйелі туралы былай деген: "Қазақ әйеліне тән ерекше мінез бар. Мүмкін мен соны о баста іштей қабылдаған шығармын".

Халқымыз "Әйел - барша тіршіліктің бастауы, көркемдік пен жылылық көзі, шуақ пен мейірім өлемі, өмірдің сәні" деп қасиет тұтып, оған көңілінің төрінен орын беріп ардақтап аялаған. Өйткені әйел - ана әрбір отбасының алтын діңгегі. Көп халықтағы "ер адам азамат тәрбиелейді" деген даналық сөз бекер айтылмаса керек.

Ұтымды ой, саналы көзқарас қажет

Білім беру саласындағы кейбір жағымсыз әрекеттердің орын алуы, мектептердің оқу-тәрбие жұмысының мазмұны, басқа да ТМД елдеріне қатысты, қалықтың ежелгі даму жолын анықтауда қазақ мемлекетінің концепциясының білім беру және тәрбие туралы тұжырымдамаларының мақсаты - өрелі идеялар мен қағидалардың ғылыми жүйесін түзу.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде нарықтық экономикаға көшуге байланысты, бір адамның өз өмірінде жұмыс орнын, тіпті кәсібін бірнеше рет ауыстыруға тура келуде. Осыдан келіп адам мүмкіндіктеріне, оның мүдделері мен ұмтылыстарына баса назар аудару, еңбекке баулу мәселесін жаңа талап тұрғысынан шешу, оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына динамикалық процесс ретінде қару сияқты мәселелер маңызды болып отыр.

Ата ұрпақ өзінің өмір сүру кезеңінде өсіп-өніп, даму арқылы жетілу жолында тапқан, бойына жинаған барлық игілікті өсіп келе жатқан кейінгі ұрпақ бойына сіңіру жолында еңбек етіп келеді. Бұл процесс - тәрбие деп аталады. Тәрбиенің күдіреті - тірі, саналы денеге жер бетіндегі әмір қиындықтарын жеңгізе отырып, өмірге үйрету.

Оқу мен тәрбие - егіз, бір бірінен бөліп қарауға болмайтын табиғаты танылып тұрған үрдіс. Сондықтан Елбасы Н.Назарбаев та жастар тәрбиесін басты мақсат етіп қойды.

Тәрбиеленуші студент - болашақ маман ескінің көзіндей, жаңаның өзіндей болып ХІХ ғасыр есігінен еркін енетін, дүниежүзілік мәдениетті танытын, төл мәдениетін сыйлайтын, таныта сыйлата алатын, рухани дүниесі бай,

Тіл жөніндегі теңдік пен тазалықты мемлекетіміз бүгін ғана қолға алып отырған жоқ. Бодандықтың салдарынан тіліміз бен дінімізден адасып қалу қаупі болғаны рас. Еңсемізді енді көтеріп елдікке қол жеткізгеніміз ата-баба арманының орындалуы деп білеміз.

Рух



Нұржан ЖАҒАБАЕВ,
ҚазҰУ-дың студенттік қоғамдық ұйымдарының үйлестірушісі

ӨЗІМІЗДІ ҚҰРМЕТТЕЙІК

Адамзаттың үлкен жетістігі - оның тілі. Соның арқасында қарым-қатынас жасай отыра, бірін-бірі түсіне білген. Ендігі жерде, бетіміз бері қарап тілге, дінге көңіл бөліп келе жатқанымыз болашақтың тұғырының биік, тілінің таза, арының айбынды болуы деп түсінеміз.

Қазіргі жастардың жаңа реформаландыру бағытындағы атқарып жатқан игі істерін көріп, көңілін жайланады.

Барлығы жақсы, қара қазанның беті жабулы түр екен, солай қала берсін,-дегендей өз пікірің мен өз ойыңды ашық айта алмасаң әлем теңдігі демократия деген ұғымның өзі формальдық жүйе болып қалыптасатыны анық.

Елдігіміздің ертенгі бастаушыларының Отандық рухқа деген, оның ішінде дінге, тілге деген ықыласының халі қалай? - деген сұраққа "Рухы басым, білімі мен парасаттылығы ұштасқан, төлім-тәрбиесі мол, іскер өнегелі істердің бастаушысы, қоғам жаңалықтары жастарымыз керемет", -деп ұрандата жауап беруге шеберміз. Ал, сол жастарымыздың бойында аталы рухымен Отанға, туған өлкеге, елге деген сүйіспеншілігі қай деңгейде және қай бағытта дамып келе жатқанын бүгінде біздер байқасақ та, байқамаған боламыз. Осы орайда қоғамда болған жайттардың бірі мынандай.

2003ж ақпан айының 10-12-сі күндері Алматы қалалық жастар саясатын қолдау қорының ұйымдастыруымен жастарды бизнестік кәсіпке баулу мақсатында "Алматы жастар бизнесі" атты болашақ кәсіпкерлердің бизнестік жобалар байқау-сайысы өтті. Бизнестік жобалар сайысында Алматы қаласының барлық жоғарғы оқу орындарының студент жастары белсенділік танытты. Өтімді және тиімді жобалар иесі арнаулы сыйлықтармен марапатталды. Бір сөзбен айтқанда қазіргі жастардың алға қойған мақсаты мен ойлаған ойларын естіп олардың болашаққа деген көзқарасының кемелденуіне ризалығымды білдіргім келеді. Бір өкініштісі, айтулы мереке мемлекеттік тілде емес, орыс тілінде өтті. Саликалы қауымның бет алысы керемет болғанымен, мемлекеттік тілге немқұрайлы қарауы біздер үшін түсініксіз жағдай. Еркіндік кімнің көңіліне тар келеді дейсіз. Мемлекеттік тілде сөйлеу-сөйлему бүгінде әр азаматтың еркінде. Дегенмен, ауқымды ресми іс-шараларда мемлекеттік тілге көңіл бөлу, жас белсенділер мемлекетіміздің өзге де ұлт өкілдерін тәрбиелеумен қатар руханиятын көтеру деп білемін. Бұлай деуімнің себебі, тек қана қазақ тілін меңгеріңдер дегенім емес, халық кеменгері Қ.Мырзәлі айтқандай "Ана тілің арың бұл, ұятың боп тұр бетте, өзге тілдің бөрін біл, өз тіліңді құрметте", - дег. Қанатты сөзін еске салғым келіп отыр. Өңгіменің төркіні жастар төңірегінде болғандықтан кейбір замандастарым жастарды екі топқа бөліп жатады. Негізінен бұл пиғылды өзін жөн санамаймын. Өз басым жастардың барлығын бірдей санаймын, қала жастары, ауыл жастары деп бөлуден аулақпын. Тек бір ғана себеп, нарықтың ұшқыр талабына жастарымыз енді-енді өле көтеріп, уақытпен санасуды үйреніп, еріншектік секілді мінез-құлықтардан арылып келеді. Бірде, ауылдағы құрбылас достарым маған: "Ауылдағы жастардың көпшілігі оқығысы келмегендіктен емес, жағдайының болмауына байланысты оқуға түсе алмай қалды. Біздің жоғарғы біліміміз болмаса да, еліміздің ақпараттық құралдарының арқасында оқып, білмегенді біліп отырамыз, тіпті кешкі жаңалықтардан да тыс қалмаймыз, ең бастысы ауылда екі қол, екі аяққа дайын жалақылы жұмыс жоқ", - дейді. Десек те, міне, биылғы жыл ауылшы көтеру жылы деп жар салудамыз. Бұйыртыса ауылшымыздың құлауға айналған мәдени ошақтары мен жастардың жаңа рухани орталықтары дүниеге келеді деп қалың қауым сарғая күтуде. Ізгілік пен жақсылықтың нұрына бөленуді қашанда күтуден жалықпаспыз, тек ұмыт болудан сақтасын.

Жазушы-ғалым М.Өзөзөвтің "Бұл дәуірде өз тілін, өз әдебиеті мен мәдениетін білмеген азамат, толық мәнді интеллигент емес", - деген қағидасына сүйене отырып, дамушы қоғам жаңалықтарына, ендігі бизнес жобаларының жаңа бастамасын, биылғы үкімет жолдамасымен бірге ауыл жастарын кәсіпкерлікке баулу мақсатында дайындалсаңыздар деген ұсыныс айтқым келеді. Ауылдағы замандастарды тең санап, назардан тыс қалдырмайық, достар!



•Толғаныс

Жас тұнады жанарға Сіз дегенде...

(ұстаз рухына сыр)

Болмысы бөлек, орны ерек, дара тұлғалы қадірлі ұстаз, Сіз әруақтар әлеміне аяқ басқалы да екі жыл толды. Тірлік тынысында тоқтау, өмір арнасында өзгеріс жоқ, тек Сіз жоқсыз! “Көзіңіз” бар да, өзіңіз жоқсыз!.. Сіздің жарық әлемнен ертелеу жырақтағаныңыз жүрекке мұң, көңілге сағыныш, жанарға жас тұндырады-ау!

Ардақ тұтар аяулы ұстазым өзіңізге деген көңілдегі ыстық сағыныш лықси төгіліп, қолға қалам алдырды. Аппак рухыңызға ашыла сыр ақтарғым келді.

Мен Сізді қатты сағынып жүрмін апай, сезесіз бе? (Әруақтар бәрін сезеді деседі ғой). Өмір шіркіннің сансыз сындары сағыма сызат салып, жанымды жөбірлеп, санамды сансыратқан сәттерде жанға жылу құйып, санаға сілкініс салатын ақыл-кеңестеріңді аңсап кететін кездерім де күн артқан сайын артып бара жатқандай. Жан дауасын “Жаным садағаныздан” тапқандай боламын, өйтеуір.

Сіздің саф алтынға айырбастағысыз әр сөзіңіздің, ақыл-кеңесіңіздің салмағын енді енді анық танып, таразылап келем. Бірге өткізер күндердің санаулы екенін сезіп, “жақсы сөзіме жаны семіріп, ақылымды ғұмырлық азық қылып, сенімдімі арқа тұтып жүрсінші” дедіңіз бе екен жаны аппак нұрдан ғана жаралған аяулы жан?.. Жүрегімізге білім мен ізгілік нәрін себе жүріп, өмір дейтін жұлделі құбылысты түсінудің жолдарын үйретіп, бағытын аңғартып кетіңіз ғой мәңгілік ақылшыма айналған Алма апай.

Қай жерде де өзіңді іздеп, әлдебір бейтаныс жандарды өзіңізге ұқсатып жаным жүдеп мұнайып қалатыным да бар. Өзіңізді ұлық көрген көңіліңнің сіздің жалғаннан жалт етіп өте шыққаныңызға еш иланғысы жоқ. Өзіңізді мезгілінен бұрын сағынып, ертерек еске алу он ойлансам ойыма келмеген жайт еді ғой. Кейде құдайым Сіздей асыл жан жер үстіне артықтық қылар деді ме екен деп күйініп те қалам. Асылық қылсам Алла кешірсін! Алла да жақсы жандарды қалайды деген рас та болар, кім білсін?..

Сіз түсіме жиі енесіз. Бәрі бұрынғыша тек мейірім шуағы төгілген нұрлы жүзіңізді үнемі мұң құрсаулап, көңіліңіз тіл қатасыз...

Сол бір алғашқы тосын таныстықтан соң көп ұзамай сіз менің алыстағы ата-анамның орнындағы жаным жақын көрер екінші анама, екінші өкеме, ардақ тұтар ақылшы ұстазыма, дара көрер данама, пана тұтар асқарыма айналғансыз! Өзіңізден аяқ асты көз жазып қаларымды қайдан білейін? Алла жазуын өзгертер шама қайда? Құдай өміріне қарсы тұрар қауқар қайсы?

Менің ұққаным сол, өлді деген суық сөз Сіздің ардақты есіміңізге ешқашан жақындай алмайды екен! Ұрпағыңыз, дос-жаран, шөкірттеріңіз ең бастысы қазақ өдебиетінің төрінде тұрар асыл мұраңыз барда Сіз барсыз!

Әр шөкіртіңіздің жүрегіңдегі өзіңізге деген ыстық ықылас, мәңгілік сағыныш еш уақытта сөнбейді. Өйткені Сіз “бала аңсаған ұстаз” бола білген қымбатты жансыз.

Биік рухыңыз алдында басымды ием. Жаныңыз жанатта болсын, ардақты ұстаз!

Назғұл
ТӨЛЕКБЕКҚЫЗЫ



Бейбіт САРЫБАЙ

Балалықтың бұлтсыз аспанының астында жүріп, бұлыңғыр болашақ жайында ойлана бастаған кезіміз еді. Бәріміз де бір-бір арманның жетегінде жүрдік. Қай-қайсымыздың жүзімізге қарасаң да тек қана үміт сәулелері мен игілікті көруге болатын. Ол кез біздің мөлдір кезіміз-тұғын.

Естелік

Біз таза едік. Ырың-жырыңға салынып жаға жырттыспдық, төбелеспедік десем, ол әрине, өтірік болар. Талай-талай жағаластық. Бірақ біздің онымыз сотқарлықтың, қатыгездіктің белгісі емес, ақылсыз балалықтың жемісі болып саналар. Қыздарымыз да өздерін ересек сезініп, бойларын жинай бастаған. Олармен арамыздағы дипломатиялық қатынас та ақырындап реттеліп қалған. Бұрынғыдай “қалай жағдай-ей?” деп дөкір амандаспай, асқан биязылықпен “қалайсың?” деп қол беріп амандасатын болғанбыз. Бір-бірімізге еліктей жүріп осы бір өдемі мәдениетті тез-ақ менгеріп кеттік. Және соның өзін мәртебе санайтынбыз. Ал, осылай амандасуға мүмкіндігі жоқ кейбір балалар бізге қызыға қарайтын. Біз оларға мақтаншыпен қарайтынбыз. Қалай басталғанын, кім бастағанын білмеймін, өйтеуір сол кездерде өз арамызда қыздарға хат жазу дәстүрі пайда бола кетті. Өзін ересек сезінетін әр баланың өзінің қызы болуы керек деп ұқтық. Қыздар да солай ойласа керек, көңілдерінен шығарлық көріктісіне көз қадап, соның хатын күтуден жүрді. Бір қызығы, бәріміздің хатымыз бір-бірінен айнымайтын. Тіпті айырмасы да жоқ еді. Оның бірінші себебі, өз сезімімізді жеткізуді әлі меңгермегенбіз. Хат жаза алмайтынбыз. Сондықтан да бәріміздің ой-сезімімізді деп басарлық мағынасы бар бір шумақ өлең бар еді. Ең оңай жолы сол болғандықтан, бәріміз соны пайдаланатынбыз. Және сол шумақ біте салысымен “Бөленгүл, мен сен мені сүйем. Оң жауабын күтуші Бөленше” деп жазып, қос жүректің суретін салып қоятынбыз. Әрине,

қыздың аты қызыл сиямен көркемделіп жазылады. Тағы бір айта кетерлігі, бәріміздің хатымызды бір-ақ бала жазатын. Біз сәндеп жазып, сурет сала алмаймыз. Ал, ол нағыз суретші еді. Келе-келе ол да өз жауапкершілігін сезініп, түні бойы хат жазып, ертесінде керексінген жандарға үлестіретін. Қалтасында

Барлығы бір-бір қыздан иемдене бастады. Жақсы қыздардың саны азайып бара жатқасын, қызсыз қалу қаупі төнгесін, мен де біреуіне қармақ салғым келді. Ешкімге сездірмей өз ішімде жабық конкурс өткіздім. Оған әрине, өзім жақсы көретін жігіті жоқ қыздарды қатыстырдым. Саралай келе көңіл-қазымның әділ шешімі бойынша Гүлжанат деген қызға хат жолдадым.

дайын хаттардың жеті-сегіз данасы жүретін. Біз соны пайдаланатынбыз.

Барлығы бір-бір қыздан иемдене бастады. Жақсы қыздардың саны азайып бара жатқасын, қызсыз қалу қаупі төнгесін, мен де біреуіне қармақ салғым келді. Ешкімге сездірмей өз ішімде жабық конкурс өткіздім. Оған әрине, өзім жақсы көретін жігіті жоқ қыздарды қатыстырдым. Саралай келе көңіл-қазымның әділ шешімі бойынша Гүлжанат деген қызға хат жолдадым. Ол өзі бір еліктің лағындай сүйкімді қыз еді. Бірақ сабағы онша жақсы емес. Әдемі қыздардың сабақты жақсы оқығанын көрген емеспін. Содан болар оны қалыпты жағдай деп ұқтық. Онысын кемшілік деп санамадым. Сөйтіп ол екеуміздің қыз бен жігіттік ғұмырымыз басталып та кетті. Қатарластарым сияқты мен де енді сабақтан қайтқанда жалғыз өзім желпілдемей, қызбен бірге баяу басып аяңдайтын

•Сезімді қайтем...

болдым. Мен де үзіліс кезінде бір қыздың қолынан ұстап тұру, жуас мұғалімдердің сабағында оның қасына барып отыру бақытына қол жеткіздім. Сөйтіп, ләззатты ғұмыр кешіп жаттық. Өзгелермен тереземді теңестірген Гүлжанатыма саудагер Римадан (сағыз сататын қыз) “шоколатный Ловис” немесе “Бомбиком” алып бергім келіп жүрді. Бірақ, реті келмеді-ау деймін соның.

Бір күні кешкілік малдарды жайғап болып, қораның төбесіне шығып алып, ғашығымның үйі жаққа (біздер бір-бірімізге жақын тұратын едік) қарап жатқам. Бір уақта оның папасы мен мамасын көріп қалдым. Екеуі де жақсы киініп алыпты. Демек, тойға барады. Тойдан жөй



қайтады.

Сау қайтпасы тағы белгілі. Маған бір ой сарт ете қалды... “Ох, бүгін шанс бар” дедім күбірлеп.

Үйге жүгіріп кіріп самауырдағы шайдан қалған жылы суды құйып ала салып басымды жуып жатқам. Шешем таң қалып:

- Мынаны жын қаққан ба? - деп қояды. Таң қалатындайы да бар. Біз басымызды аптасына бір-ақ рет, онда да жексенбі күндері жуатынбыз. Ал, бүгін сәрсенбі.

- Жын қаққан жоқ. Бүгін ауылда кімнің тойы? - деп сұрадым.

- Қағынғыр шешек, онда нең бар. Нұрлан сенің кімің еді? - деді.

Е, бүгін Нұрланның тойы. “Ескермес (Гүлжанаттың әкесі) бүгін тошна ішеді” деген ойға келдім. Айдасымды киіп, шашымды тарап, өпкемнің иіссуынан себініп алдым.

- Ей, ол женский ғой,- деген қарсылығына қарағам жоқ. Не болса ол болсын, бір иістің шығып тұрғаны жақсы-ақ қой шіркін. - Малдарды өздерін қамай салындар. Мен кеш қайтатын шығармын! - деп ескертіп жолға шықтық. Қараңғы қоюланып, ақшам жамырай

бастаған-ақ екен. Әр жерден бір иттердің үргені естіледі. Көлбақалар да өз симфонияларынан аракідік үзінділер шырқап қояды. Жігіт болып қызға шықсам да қорқып өрең келе жатырмын. Үйге қайтайын десем, бір жағынан намыс, екіншіден құштарлығым жібермей алдыға аттай бердім. Міне, Ескерместің ақ сарайдай үйіне де келіп жеттім. Айналам тыныш. Үрей. Бойымды түрлі-түрлі сезімдер билеп ала жөнелді. “Сүйем сені жаным-ау” деген әннің әуенімен сызып та ысқырдым. Бұл біздің достықтың ысқырығы. Әр мемлекеттің әнұраны болатыны сияқты, бізде де әр достықтың өзіндік ысқырығы болатын. Және бұны қыздарымыз да білетін. Гүлжанат та таныды. Бөлмесінің шамын өшіріп, перденің бір бұрышынан қарады. Оған ойлы аспанның астындағы менің сұлбам анық көрінді. Есігің ашып: - Бұл кім? - деді. Танып тұр. Сонда да сұрайды. Әдеті ғой.

- Мен,- дедім.
- Менің кім? - дейді.
- Бейбітпін,- дедім.
- Не қылды? - дейді.
- Жөй, өзім саған келгем. Бері келші,- дедім.

- Ой, қойшы. Ұялам! - деді де есігің тарс жауып алды. Дәл осы сурет менің санамда жарқ ете қалды. Ұнжырғам түсіп үйге қайттым. Соның ызасына басқа бір қызға барсам ба деп ойлап едім, артыңша айнып қалдым. Біз сол күндерде анкета толтырып, естелік жаза бастағанбыз. Бір күні Гуляның (оны еркелетіп осылай дейтін едік) толтырғанын оқып ренжіп қалдым. “Алғашқы махаббатың кім?” деген сұраққа “Анам” депті. “Қазір ше?” деген сұраққа “Ешкім” депті. Кімді сүйесің дегеннің де жауабы сол. Ешкімді депті. Мен үшеуіне де “Б”, “Б”, “Б”-ны деп жауап жазатын шығар деп ойлағам. Өйткені өзім ылғи да “Г” деп жүргем. “Мен оны сүйем деп жүрсем, ол мені сүймеймін депті ғой. Онда мен де сүймеймін” деп ренжіп кеткем. Сөйтіп балаң сезімімізді ашуымыз өшіре салған.

Кейінірек көптеген суреттерге түстік. Альбомдарымызға естелік жазып қалдырдық. Заттай сыйлықтар да сыйластық. Соның қазір бірі болса, бірі жоқ. Барларының өзі бөлендей бағалы емес. Бөрінен де бағалысы сол, Гүлжанаттың: “Ой, қойшы, ұялам” деп есікті тарс жауып алған өлеңі. Сол өлең менің жадыма мәңгілікке жатталды. Менің сол кездерден алаған естелігім сол гана. Басқасы түкке тұрғысыз. Міне, естелік деген осы. Ал, сен болсаң жөй гана шимайы көп хаттарды естелікке санап, мәңгілікке сақтағың келеді, Гүлшат. Кім білсін, сен үшін құнды да шығар. Бірақ, сен менен жоғарыдағыдай естелік алып қалуға тырыс. Мен де... Өйткені мұның жылылығы күшті.

Үстаным

Уақытқа жеңілмеңіз

Иә, уақытқа жеңілмеңіз.

Адамзат өмірінің басты кредосы да осы. Яғни, ұмтылу. Әр адамның, әр студенттің үлкен сыбағасы бар. Өмір бір күні береді деп жүргенмен, ол бірінші қадам жасамайды.

Өзіңіз ұмтылыңыз. Сұрап көріңіз. Талап етіңіз. Қойдан да көнбесе, өз сыбағанызды тартып алыңыз. Әр адам үлкен болуға ұмтылуы керек. Ал уақыт өтіп бара жатыр. Қалғып-мүлгіп отырып лекция тыңдау, жатақханаға барып ойын қуу, бос әңгіме, үйкі, кешкісін клубтарға қыдыру... Бұл өмірдің мәні емес. Тек өзінді жоғалту мен өзінді дәлелдей алмау. Өмірден өз орныңды таба алмау өлімнен де қорқынышты емес пе?!

Байқасаңыз, сіздің қолыңыздан бәрі келеді. Ұмтылыңыз. Американың жастарынан қай жеріңіз кем? Тіпті озып кетесіз. Әр адам тұлға, лидер болуға ұмтылуы керек. Ойланғыңыз...

Әуелі ортаңызға қарап көріңізші. Бірі - сабақтан күнге қашады, екіншісі - темекіге, үшіншісі - ішімдікке үйір. Бойкүйез, ұмтылысы жоқ орта. Өкінішті-ақ. Ендеше бәрін де басынан бастаңыз. Өміріңе

жауапкершілікпен қарай алатын дос іздеп көріңіз. “Егер бір адам кінәлі болса, оған ортасының бар адамы кінәлі”, - дейді Абай. Сананы орта өзгертетінін естен шығармаңыз. Мейлі, сіз танымы таяз ортада жүрген ізденгіш, білімді жан болсаңыз да ол ортадан кетуіңіз қажет.

Бауыржан Момышұлы былай деген екен: “Қой басқарған арыстанның тобынан арыстан басқарған қойдың тобы артық”. Енді мына мысалды тыңдаңыз. Бір кісі таудан бүркіттің жұмыртқасын тауып алып, оны өз тауығының жұмыртқасына қосып, балапан етіп шығарады. Бүркіттің балапаны өзін кәдімгі тауықтың бірі екенмін деп тұмсығымен дән теріп жейді, жауын күрт іздеп жер шүкіді. Өлгенше үшуды білмей, тауық болып өтеді. Неткен өкінішті! Ол өзінің ұлы бақытын жоғалтты. Ал сіз жоғалтпаңыз. Сонда не істейсіз? Бүркіт терізді биікке, үлкен тұлғалы жан болуға ұмтыласыз ба? Әлде жаман тауық секілді күрт-құмырсқа теріп, жүре бересіз бе? Таңдау өз қолыңызда. Жақсы деңгейге жетіп, үлкен орында отыратын тұлға болу - сіздің жеке таңдауыңыз. Омыр дегеніміз - ұмтылу. Зор еңбек етсеңіз, соның арқасында жемістеріңіздің дәмін татасыз.

Руслан БӨЛЕБАЙ

Айтылмаса сөз өледі

Халқымыз қашанда қызды қызыл гүлге теңейді. Өйткені, гүл - әсемдіктің, тазалықтың, нәзіктіктің, сүйкімділіктің белгісі. “Қыз - қылығымен” деген сөз де қыз баланың тәрбиелі, әдепті, инабатты, білімді, ақылды болуына меңзейді. Әркім де қызының атына кір келтірмеуін тілеп, небір жіңішке жолдан аман өтуін ескертіп, үнемі сақтандырып отырады. Бұл туралы баспасөз беттерінде де аз айтылып жүрген жоқ.

Қыз - елдің көркі

Десек те, өтпеген-ай тұстар болып жатады. Мәселен, он бір жыл оқытып, тәрбиелеген ата-ананың, ұстаздарының еңбегін, сенімін ақтамайтындар да кездеседі. Басқа қалаларға барып оқуға немесе жұмысқа орналасқан кейбір қыздар “тізгінін” өз қолына алған соң бет-ауызды баттастырып бояп, шашты күзеп, өлем-жөлем киінеді. Мұндай жолға түскендер оқуға да, жұмысқа да қырсыз келеді, қоғамдық тәртіпті бұзады. Бір ғана мысал келтірейін: жоғары оқу орнының бесінші курсына көшкен үш қыз институт бітірушілердің қоштасу кешінде арақ ішіп, естен танған мас күйінде көшедегі жасақшылардың қолына түскен. Тәртіп бұзғандығы үшін олар оқу орнынан қуылған. Сөйтіп төрт жыл бойы тапқан табысын аузынан жырып, оқытқан ата-аналарын қасіретке душар етті.

Ата-бабамыздың “Қыз өссе, елдің көркі” деген тамаша бағасына лайық болып, ер-намысты қастерлей білгенге не жетсін, қыздар! Мөлдір ҚИЛЫБАЕВА



Тағзым

АЛТАЙДЫҢ
КЕРБҰҒЫСЫ –
ОРАЛХАН

22 мамыр күні журналистика факультетінде белгілі жазушы Оралхан Бөкеевке арналған еске алу кеші болып өтті. Кештің бөташарын журналистика факультетінің деканы Бауыржан Жақып ашты.

Кешке жеті жетімнен жер басып жүрген ағаларымыздың төртеуі – Кәрібай Ахметбекұлы, Қуанышбек Құрманғалиев, Серік Әбдірайымұлы, Қадірбек Сегізбаев пен жазушының сүйікті қарындасы Ғалия қатысты. 50 жыл ғұмыр кешкен Оралхан ағамызды еске алу кешінде достары көптеген ескі есте қалған оқиғаларды, жазушының басынан өткізген қиыншылықтар мен жетістіктерін журналистика факультетінің студенттеріне кеше болған жағдай сияқты салықалы, жалықтырмастан ұзақ уақыт өнгімелеп, естеліктері мен лебіздерін айтты. Әдебиетке 70 жылдары келіп қосылған талантты жазушының артында “Біздің жақта қыс ұзақ”, “Ұйқым келмейді”, “Қамшыгер”, т.б. белгілі прозалық шығармалары, очерктері мен мақалалары қалған. Осы кешке орай факультет деканы Бауыржан Жақып кітапхана қорын Оралхан Бөкеевтің соңғы жылдары жазып, бірақ өз көзімен көрмей кеткен кітаптарын аяулы қарындасы Ғалияның арқасында ел ортасына, кітапхана қорына қосып, кітапханадағы жазушы шығармаларының тізімін толықтыра түсті. Кеште студенттер тарапынан қонақтарға сұрақтар беріліп, соңында факультеттің өнерпаз студенттері өз өнерлерін көрсетіп, өн шырқады. Осы 22 мамыр күні жазушының қайтыс болғанына тура он жыл толыпты. Жер басып жүрсе, қазақ әдебиетінің кербұғысы биыл 60 жасқа толар еді. Талантты жазушының өмірі мен шығармашылығын зерттеу, оны өскелең ұрпаққа өнеге ету – бізге, жас журналистерге үлкен сын. Әдебиетке соны образ, тың тақырып алып келген жалынды жазушыны еске алу кеші болашақ журналистерге рухани шабыт, кәсіби төлім берді.

Динара БАЙЖАН,
ҚазҰУ-дың 1 курс студенті

Дәстүрге айналған осы жарыстың өткізіліп келе жатқанына биыл 40 жыл толып отыр. Сондықтан да болар, бақтарын сынауға келген желаяқтарымыздың саны 2000-нан астам болды. Олардың мыңға жуығын қыздар құрады.

“Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда” демекші, нәтижесінде қыздар арасында бірінші орынды Перфильева Настя, екінші орынды Перфильева Юлия, үшінші орынды Исмаилова Аня иемденді. Ал ерлер арасында бас жүлдені Қайсар Назарбеков олжаласа, екінші, үшінші орындарды Тұрсағұлов Абай мен Алтай Сәуренбай бөлісті.

Жарыс соңында барлық жеңімпаздарға ұйымдастырушы “Парасат” кәсіподағы атынан марапаттау қағаздары мен сыйлықтар табыс етілді.

Өз тілшімізден

Бұлшық ет

ЖЕЛАЯҚТАР ЖАРЫСЫ

9 мамыр - Ұлы Жеңіс күні мерекесіне орай университетіміздің спорт кешенінде ректорат ұжымы мен барлық факультеттердің оқытушылары және студенттерінің қатысуымен жүгіруден жарыс болып өтті.



“Төлеген мен Қыз Жібек” клубы

Бүгінгі күннің ең өзекті мәселесінің бірі - жастарға білікті білім мен тәрбие беру болып отыр. Болашақта әр саладағы маман болып шығатын студенттің заман ағымына қарай ікемделуі ең алдымен білім деңгейлеріне байланысты.

Ал сол болашақ адамы – бүгінгі ізденушінің сапалы білім алуға ниеті қандай? Жалпы білім беру жүйесі дұрыс жолға қойылған ба? Университет қабырғасындағы төрт жыл “инемен құдық қазғандай” тыраштанып жинаған білім шынайы нәтижесін көрсете ме?..

Болашақ – білікті білімде

Қоғам мен уақыттың келелі мәселелерінен айналып өтпейтін осындай сұрақтар төңірегінде мамыр айының 16-сы күні N18 жатақханада “Сенің мақсатың тәрбиелі, білімді азамат болу” атты кезекті пікір алмасу болып өтті. Жатақханааралық “Төлеген мен Қыз Жібек” клубы мүшелерінің белсене атсалысуымен болған отырысқа қонақ әрі сарапшы ретінде журналистика факультетінің телерадио кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы Аязби Бейсенқұлов және осы факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлмира Сұлтанбаева қатысты. Сонымен қатар клубтың әр жұмысын қадағалап, бағыт-бағдар сілтеп отыратын көпшілікпен жұмыс жүргізу бөлімінің меңгерушісі Нәзипа Малдыбаева мен аталмыш клубтың президенті Қазыбек Дауталиев

кездесу барысында өз тараптарынан өзекті мәселе көтеріп, өткір пікірлерін білдірді. Ащы күлкі мен астарлы сынмен мәселенің мәнісін ашуға тырысқан пікірсайыстың жүргізушісі Сейсенбаев Даниярдың: “Білімді сатып алуға бола ма? Сессияны қалай жабасыздар: шынайы біліммен бе, әлде ақшамен бе? Бізде пара беру бар ма?” тағы басқа сауалдары жиналған студенттер арасында қызу пікірталас туғызды.

Кешке арнайы шақырылған Құрманғазы атындағы консерваторияның студенттері Ерлан мен Жалғас жастар мен оқытушы-ұстаздардың ресми әнгімелерін Сүгірдің “Шалқымасымен” толғандыра түсіп, Ақан серінің “Балқадішасымен” әрлендіруге тырысты.

Бану ӘДІЛЖАНОВА

Бәрекеді

Осы айдың 17 жұлдызында Қарағанды қаласында аймақтық ақындар айтысы болып өтті.



Арқадан ақындарымыз абыроймен оралды

Ақмола облысы, Жезқазған және Қарағанды қалаларынан ұзын саны он төрт ақын бақтарын сынады. “Ауылым – алтын бесігім” аясында болған бұл жыр додасынан біздің ақындар жүлдемен оралды. Мәселен, журналистика факультетінің 1 курс студенті Рүстем Қайыртайұлы бас жүлде алса, филология факультетінің 3 курс студенті Қанат Тілеуханұлы 3 орынды қанжығасына байлады. Бұл жеңіс “Айттыскерлер” мектебінің жетекшісі Оразалы Досбосыновтың еңбегінің жемісі екендігін де басып айтқанымыз жөн. Келешекте ақындарымызға өнерлері өрге жүзе берсін демекпіз!

Б.САРЫБАЙ

Со спортивных арен

Успех наших дзюдоистов

1-5 мая 2003 года в г. Астана проводилась 2 летняя универсиада Республики Казахстан по борьбе дзюдо. Дружный коллектив сборной команды КазНУ завоевал 3 общекомандное место из 35 команд, принимавших участие. Наибольшего успеха добились студенты факультета международных отношений (декан Е.Б. Жатқанбаев):

Хатип А. – 1 место, вес 66 кг., 1 курс
Михайлова А. – 2 место, вес 48 кг., 2 курс
Медеев А. – 3 место, вес 66 кг., 3 курс
Студенты юридического факультета (декан Д.Л. Байдельдинов):

Мухамедиев Б. – 2 место, вес 60 кг., 3 курс
Сериков А. – 3 место, вес 100 кг., 2 курс
Мусаев Н. – 5 место, вес 100 кг., 2 курс
Пирам А. – 5 место, абсолютная весовая категория, 3 курс
Студенты филологического факультета (декан К.А. Абдезулы):

Святкулова Г. – 3 место, вес 52 кг., 2 курс
Дюсебаева Ж. – 5 место, вес 52 кг., 2 курс
Трансова А. – 5 место, вес 57 кг., 2 курс.

Тренер команды Якуба В.И., доцент, заслуженный тренер РК

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

30 мамыр күні Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Данияр-Мақсат дуэтінің «Әнім сен едің» атты шығармашылық кеші өтеді.

Бұл кешті қос жұлдызымыз Қазақ ұлттық университетінің 70 жылдық торқалы тойына арнап отыр. Кеште қонақ ретінде республикамызға танымал өнер жұлдыздары да өнер көрсетеді.

Келіңіздер, көріңіздер. Әсем әннен қапы қалмаңыздар. Кеш сағат 19.00-де басталады. Билеттер Студенттер сарайының кассасында. Билеттің бағасы – 250 теңге.

28 мамырда «Атамекен» жастар өнер-білім бірлестігі Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында оралман жастардың «Атамекен – алтын бесік» деген атпен шығармашылық кеші өтеді. Кешке Алматы облысындағы өнерпаз оралмандар мен өнер жұлдыздары қатысады.

Ұйымдастырушы Жастардың рухани орталығы.

Балаларды қорғау күніне байланысты биология факультетінің акт залында (6 зал) 14 жасқа дейінгі бүлдіршіндерге арнап конкурс ұйымдастырылып, сыйлық үлестіріліп, фильм көрсетіледі. Ата-аналарымен шақырамыз.

Басталуы 30 мамыр күні сағат 12.00-де.

Денсаулық

ДЕНІ САУДЫҢ –
ЖАНЫ САУ

“Тәннің ләззаты саулығында, жанның ләззаты білімінде” деген грек ойшылы Фалестің осынау нақылының маңызы бүгінгі күнге дейін бір мысқалға да кеміген жоқ десек, қателеспейтін шығармыз. Ал оны өміріне арқау еткісі келмейтіндер жайы бөлек әңгіме.

20 мамыр күні Алматы қаласында салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының ұлттық орталығы ұйымдастырған кезекті семинар жиналыс болып өтті. Бұл жолғы жиынға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да тәлім алып жүрген бір топ белсенді журналист студенттер арнайы шақырылды.

БАҚ-тағы темекі шегу мен алкогольдік мәселелерінің жариялану тақырыбын қозғаған бұл семинардың негізгі мақсаты жөнінде аталған орталық мамандары студенттерімізге түсінікті түрде баяндап берді.

Еліміздегі БАҚ қоғамдағы есірткі заттарға деген ерекше “ықыластың” азаюына оңтайлы ықпал ете алады ма? Ол үшін мақаланы қалай жазған жөн? деген сұрақтар төңірегінде қызықты ұсыныстар талқыланды.

Денсаулық пен оған есірткі заттардың жан тұрғыткірер өсері жөнінде жаңа билиммен сусындып қайтқан болашақ журналистерімізден ұшқыр да өткір мақалалар күтеміз.

Өз тілшімізден

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, №1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
Н. ОМАШҰҰЛЫ - проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;
М.Т. МҰҚАШЕВА - “Парасат” кәсіподағының төрайымы;
Л. ҚАЙЫПОВА - студенттердің “Сынқар” кәсіподағының төрайымы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;
Бас редактордың орынбасары - Нәйла Салқынова;
Жауапты хатшы - Дариға Амангельдиева;
Теруші - Айтгүл Бабасова;
Көркемдеуші-беттеуші - Айдын Әбдібекұлы;
Фототілші - МАМЫРЖАН.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Полиграфсервис” баспаханасында (Жандосов көшесі - 55) 27.05.2003 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 3000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. № 300 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

“Қазақ университетіне” жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.



МАМЫРЖАННЫҢ ФОТОСЫ

Әлия ТӨЛЕГЕНОВА,
философия және саясаттану факультетінің 3 курс студенті

Кеудең бар ар бұйырған,
Бақыттан жаратшы өзін.
Орнатар мәңгі мейрам,
Махаббат - жомарт сезім!

Б.ТӨРЕБЕКҰЛЫ

Фотосурет